Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан кейін жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай	**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).** Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіндер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.) - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер	**компонент. Құрастыру** "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. **"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік	**"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: әртүрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады, дауыстап айтады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**	**"Жемістер-жидектерді және көгөністерді топтастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні, түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету. **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер. **(сөйлеуді**

Сканировано с CamScanner

	пайда болганы бейнеленген суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары. Суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар ұшқындары, бүршік ату, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.	мен көге терді атайды.) - Оларды қандай жалпылауыш сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойындар. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: камшы, доп немесе жұлтар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, карама-қарсы мағынадағы сөздердің жұлтарын айту үшін айтыс жариялайық. - Камшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек. - Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады. Бастаймыз! - Жақын - алыс. - Үлкен - кішкентай. - Ұзын - қысқа. - Қорқақ - батыл. - Зұлым - мейірімді (пантомима арқылы көмектесуге болады). - Баяу - жылдам. - Астында - үстінде. - Артында - алдында. - Биік - аласа. - қатты - жұмсақ - Ауыр - жеңіл. - Сол жақ - оң жақ. Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ойнауды ұйымдастыруға болады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	тбэ	**дамыту, қазақ тілі)**
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға	Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды	Самат Айзеренің ата-анасымен жеке жұмыс:	Агилманов Дамирдің ата-анасымен жеке жұмыс:	Әділ Ахмедиярдың ата-анасымен жеке жұмыс:

Сканировано с CamScanner

	уақытында келуді ескерту.	ескерту.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Отба[illegible] тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу.	«Балаға баға берменіз, оның іс-әрекетін бағаланыз» кеңес беру.

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер:
04.11– 08.11.2024ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы I-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галымжанқызы
Дәйек сөз: «Әділдік пен жауапкершілік-біртұтас ұғым!»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 04.11.2024	Сейсенбі 05.11.2024	Сәрсенбі 06.11.2024	Бейсенбі 07 .11.2024	Жұма 08.11.2024
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әбілхайыр Айарудың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап берніз» туралы кеңес беру.	Тұрғанбай Муслимнің ата-аналарымен жеке жұмыс: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру.	Сырымның анасымен жеке жұмыс: «Баланың ойын дамыту» туралы кеңес беру.	Аллабердиев Сырымның ата-аналарымен жеке жұмыс: «Баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу маңызы» туралы кеңес беру.	Жексенбай Амирханның ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланы коршаған әлемді танып білуге дағдыланыз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі,**	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні ілгішке іліп қоюды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету; шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыптылықпен бүктеп, орнына жинап қою. Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда бірлесіп еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**	**"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына коюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін калыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)**	**"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмесіндегі терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**

Сканировано с CamScanner

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**	«Тілек тілеу» Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әркашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**	Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы әңгіме **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет** елесу.	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз жайлы әңгіме **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет** елесу.	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу. **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** (Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша) **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Ағаштар **Бағдарламаның мазмұны:** 1.Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту 2. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінің дамыту. Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту.	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Қателесіп қалма? **Бағдарламаның мазмұны:** Ағаштардың адамға не үшін қажет екенін, олардың қандай болатынын түсіндіру. Тақырыпқа байланысты балалардың белсенді сөздік қорын молайтып, сөз тіркесін құрауға үйрету. Таным, зейінін дамыту. Жалпы және ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар кешенін қолдану. Балаларды табиғатқа қорған болуға баулу. **Дидактикалық ойын:** «Қателесіп қалма?» «Үзік сызықтар» **2. Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:** «Ағаштар» **Бағдарламаның мазмұны:** **Білімділік:** Күз мезгіліндегі өсімдік-тердің жағдайы және оның себептері туралы	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Алдар көсе мен бай» (ертегі **Бағдарламаның мазмұны:** Көркем шығармшылық мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. **Дидактикалық ойын:** «Суретті құрастыр» «Не екенін тап?» «Ағашта не тұрады?» **2. Математика негіздері** **Тақырыбы:** «4 саны мен цифры. санының жасалуы». **Бағдарламаның мазмұны: Білімділік:** Балаларға кеңістік туралы түсінік беру: алыс-жақын,алысырақ-жақынырақ. **Дамытушылық:** Сызба-карта бойынша бағдарлауға	**1. Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:**«Ағаштар неге ашуланды?» (әңгіме) Бердібек Соқпақбаев **Бағдарламаның мазмұны:** **Білімділік:** Балаларды Бердібек Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, оларға ағаштар және олардың пайдасы туралы жан жақты мәлімет беру. **Дамытушылық:** . Әңгімелеу арқылы балалардың ойын, қиялын дамыту. **Тәрбиелік:** Қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Кім жылдам?» **Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен жел» **3. Сурет салу** **Тақырыбы:** Терек бұталары	**1. Математика негіздері** **Тақырыбы:** «4 саны және цифрасы. **Бағдарламаның мазмұны:** **Білімділік:** Балаларға санауды үйретуді жалғастыру. 4-ке дейін санауды үйрету. 4 цифрасымен таныстыру. Соңғы санды топ заттарымен байланыстыру. Заттар мен пішін туралы түсініктерін қалыптастыру. **Дамытушылық:**.1-ден 4-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту.ойлау қабілетін,тілін дамыту. **Тәрбиелік:** Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету **Дидактикалық ойын:** «Шапшаң тап» «Сенде не бар, қуыршақта не бар?» **2. Дене шынықтыру** (Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша)

Сканировано с CamScanner

	үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру. ***Бақылау барысы:*** ***Көркемсөз*** *Қалатындай қиқылдап,* *Әдетіңді білемін,* *«Шық, шық» еттің* *шиқылдап Дайын* *асқа ортақсың* *Шашып берген жемімді* *Торғай, торғай* *торғайым,* *Жейсің сонша қықымдап,* *Сені әркез қорғаймын* *Қорқақсың-ау,* *қорқақсың,* *Қыстың қамын жаз ойлап,* *Еңбек десе шорқақсың.* *Бәріне де бол дайын!* **Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.** ♦ Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)* ♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның аркасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар) ♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)* ♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)* ♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)* ♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге	**қалаларын білесіңдер?** • **Судың көлемі (калпы) болама?** • **Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме?** • **Суды аязға шығарса не болады?** **Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады.** **Зерттеу жұмысы.** **Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.** **Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою.** **Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз**	***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** *Білмейтіні жоқ елдің-* *Өзім де ішіп көргенмін* *Дейді әжейім* *Ішектің емі-қашаннан* *Қабығында еменнің* *Қайнатындысы Еменнің* *Қасиеті бар дәрілік.* *Қабығынан жасалған.* *Орманда жасыл еменнен* *құдыретті де әсем ағаш* *жоқ. Халық ертегілері мен* *батырлар жырларында* *алып емендер тегіннен-* *тегін айтылмаса керек. Ол* *алыптар бейнесінде* *бейнеленеді. Кәрі еменнің* *діңі мығым, бұтақтары* *тарам-тарам болады.* *Емендер мың жылға дейін* *өмір сүреді, олар көктемде* *ең кеш көктейді. Ол өте* *зор, мықты ағаш* *болғанмен, қатты* *аяздарда жарылып кетеді.* ♦ Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)* ♦ Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? *(қалада.)* ♦ Қалада тағы қандай ағаштар өседі? ♦ Ағаштар қалаға не үшін керек? *(ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)* ♦ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)* ♦ Ағаш жапырақтары неге түседі? *(ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)*	— К[illegible]туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды). ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** *А. Сәрсеков* *Күзгі ауаның таңдары* *Кейде құйын өтеді* *Желмен басын шайқайды* *Тозаңдатып жан-жақты* *Дәурен өтіп жаздағы* *Кейде құйын кетеді* *Күздің желі соғады* *Доп қылып ап жапырақты* *Бейне теңтек баладай* *Ойран-асыр салады* *Алма бағын жағалай* *Алмаларын қағады* Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін **Балаларға сұрақтар:** ♦ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)* ♦ Неліктен? Жұмбақ шешу: Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау) **Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау. *Мақсаты: Жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .* **Қимылдық ойын:** «Бәйге» *Мақсаты:* — Бір-біріне соқтықпай	***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** ***С. Оспанов*** *Өсе бере сан ғасыр* *Шыршаларға тимек кім* *Болып таудың түр-сәні* *Қорғалады орманы* *Жапырағы жап-жасыл* *Ол жеміс пен жидектің,* *Көрдің бе сен, шыршаны?* *Топырақтың қорғаны.* **Балаларға сұрақтар:** • Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)* • Ал, бұлар қандай ағаштар? *(тікенекті, жапырақты.)* • Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар? • Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? *(діңі, бұтағы, тамыры)* • Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек? • Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар? **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. *Мақсаты: Жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету.* **Қимылдық ойын:** «Жұбыңды қуып жет». *Мақсаты: кедергіден өтіп жүгіруге жаттықтыру* **Жаттығу ойындары:** Орнында тұрып ұзындыққа секіру *Мақсаты:* — Екі аяқпен серпіп секіруге жаттықтыру

Сканировано с CamScanner

	әрекет)				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Қайық». Төсекте ішпен жатып, қолды некке таяп қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпіркосақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер жасау. «Тышқандар». Массаж кілемшесінде аяқтың ұшымен және өкшесімен айналып тұру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, ша қасық, шанышқы), майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тәртіп сақтау.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Балалардың қолынан көрек іздеген тиінің суреті бойынша әңгіме құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттауда, сол суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру. **Қимыл-қозғалыс ойыны.** «Мысық пен тышқан». Мақсат-міндеттері.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Үлкен және кішкентай қарбыздар" Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру, бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету. **«Дауысына қарай ажырат»**	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Күзгі орманның тағайыптары". Мақсат-міндеттері. Балаларға түсініктер беру. **Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет».** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз ойын жоспарын құрдастарының жоспарларымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді өзгерту. Балаларды қоршаған орталағы өмір туралы білімдерін ойындарда кеңінен	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Кішкентай бағбан". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру. **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Күзгі ағаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"**	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. **Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?"** Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, сын-сипатын байқауды және атауды үйрету. **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бақшадағы мол өнім".

Сканировано с CamScanner

	Қайтқан күзім келдің бе, Сынсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! **Бақылау:** ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды, тобарысып жатады; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады. **Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. **Еңбек:** ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** әртүрлі	Молшылық – береке күз, Береке күз – мереке күз. **Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны).** Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, бәрі ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай шапалақтайды да, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу" қашып қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталып қалса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.	**Тәжірибе:** «Шалшықты айналып өту». **Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру)** Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Зейінді, қимыл жылдамдығын жетілдіру. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер құрып жүріп, мына сөздерді айтады: Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құткарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқанға" ұяға	жел... бар не жоғын байқауға шақырады. Балалар желдің катты соғып немесе баяу есіп тұрғанын айтады. **"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге мұқият қарап, далада желдің барын не жоғын анықтау. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. **"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарсы бетіне тұрады. Алаңның ортасындағы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.	Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. **Қимылды ойын: «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас кабілеттілігін қалыптастыру. **"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. **Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** ересек балалармен бірлесіп ойнау. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балаларды бастамашылдыққа ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан кейін жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бейнеленген суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары. Суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, кар жамылған таулар, кемпірқосақ, кар ұшқындары, бүршік ату, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.	**мен көгөніс**[illegible]**р).** Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.) - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.) - Оларды қандай жалпылауыш сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. **"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін айтыс жариялайық. - Қамшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек. - Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады. Бастаймыз! - Баяу - жылдам. - Астында - үстінде. - Артында - алдында. - Биік - аласа. - қатты - жұмсақ - Ауыр - жеңіл. - Сол жақ - оң жақ. Күрделенуі: жаттығуды	затт[illegible]ы шарттарда берілген белгі[illegible]р бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: әртүрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады, дауыстап айтады. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**	Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні, түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету. **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер:
11.11 – 15.11.2024 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы II-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галимжанқызы
Дәйек сөз: «Тура биде туған жоқ!»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 11.11.2024	Сейсенбі 12.11.2024	Сәрсенбі 13.11.2024	Бейсенбі 14.11.2024	Жұма 15.11.2024
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Балалан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әділ Ахмедиярдың ата-анасымен жеке жұмыс: «Бала ата-анасы көшбасшы» кеңес беру.	Тарғын Зұлпыхардың ата-анасымен жеке жұмыс: «Болмайды! Деп айқалауға болмайды» кеңес беру.	Бакетов Батырбектің ата-анасымен жеке жұмыс: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» кеңес беру.	Жангелді Айбардың ата-анасымен жеке жұмыс: «Обасы мен балабақша арасындағы байланыс» кеңес беру.	Жексенбай Амирханның ата-анасымен жеке жұмыс: «Болатын» және болмайтынның шекрасы» кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	**"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	**"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю.	**"Күтушіге төсек салуға көмектесу".** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге колдарынан клген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	**"Ойынан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойынан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін калыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау кабілетін жетілдіру.
Таңертенгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.				

Сканировано с CamScanner

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | 1.Дене шынықтыру
(Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша)

2. Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Шымыр болып өсеміз
(Дене мүшелері)»
Бағдарламаның мазмұны: 1.Адамның дене мүшелері және олардың қызметі туралы түсініктерін қалыптастыру.
2.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлілігін, тілдік тыныс алуын, артикуляциялық моториканы дамыту.
Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу.
Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.
Талдау –жинақтау операцияларын, зейінін, көріп және естіп қабылдауын жетілдіру.
3. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Дидактикалық ойын:
«Не үшін қажет?»
«Дыбысқа сәйкес сөз ойла»
«Сипаттамасы бойынша тап»
3. Қазақ тілі
Тақырыбы: Дене мүшелерінің атқаратын қызметі. | **1. Сөйлеуді дамыту**
Тақырыбы: Менің дене мүшелерім
Бағдарламаның мазмұны: Балаларға өз дене мүшелерін, сезім мүшелерін ажырата білуге, дене мүшелерінің атқаратын қызметі мен, бір-бірінен айырмашылығын танып-білуге, айтып ажыратуға үйрету.
Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.
Балаларды жастайынан өз денсаулықтарын күтуге, салауатты өмір сүруге баулу, гигиеналық талаптарды орындауға тәрбиелеу, дұрыс өсіп-жетілуі үшін денсаулығын күтуді үйрету.
Дидактикалық ойын:
«Дұрыс ата»
«Менің дене мүшелерім»
«Сәйкестендір»
2. Қоршаған ортамен таныстыру
Тақырыбы: «Шымыр болып өсеміз»
Бағдарламаның мазмұны:
Білімділік:Балаларды «ауа» түсінігі-мен, оның қасиеттерімен, адам өмірін-дегі рөлімен таныстыру.
Өзінің дене бөліктерін (көз, қол, бас, аяқ, ауыз, құлақ және т.б.) ажыратып атауға және оларға катысты қимылды білдіретін сөздерді айтуға үйрету.
Дамытушылық: Зейін, есте | **1. Көркем әдебиет**
Тақырыбы: «Менің іс-әрекетімді біл» жаттығуы
Бағдарламаның мазмұны:
Білімділік: Көркемдік қозғалыстар мен интонацияларды қолдана отырып, кейіпкердің эмоционалдық күйін бейнелеуге үйрету
Дамытушылық:
Сөздер мен сөйлемдерді түрлі интонациялармен, анық айтуға үйрету (сұрақ, өтініш, таңыркау, көңілсіздік, қорқыныш және т.б.).
Дененің ырғақты қимылын, сөзді, қисынды ойлауды, қиялды дамыту.
Тәрбиелік:
Қайырымды, мейірімді, ақылды болуға тәрбиелеу
Дидактикалық ойын:
«Кейіпкерді ата?»

2. Математика негіздері
Тақырыбы: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) Сиқырлы ел.»
Бағдарламаның мазмұны:
Білімділік:Геометриял | **1. Музыка**
(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)

2. Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» (өлең оқу)
Бағдарламаның мазмұны:
«Әдептілік әлемі» өленін мәнерлеп оқу, сөз мағыналарын түсіндіру; өлең арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, әдептілік туралы өз ойларын ашып айта білуге; әдепті, кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу.
Дидактикалық ойын:
«Бәрінен де кім күшті?»
« Сынарын тап»
«Сәйкестендір»
3. Жапсыру
Тақырыбы: Шымыр болып өсеміз (Дене мүшелері)
Бағдарламалық мазмұны:
Білімділік:Балаларды адамның жалпы дене құрылысымен таныстыру.
Дене мүшелерінің қай жерде орналасатынын қағаз бетіне жапсырып үйрету.
Дамытушылық: Жапсыруға деген дағдыларын дамыту.
Тәрбиелік:Таза ұқыпты жасауға тәрбиелеу.
Дидактикалық ойын:
«Сынарын тап»
«Кеңістікті бағдарла» | **1. Математика негіздері**
Тақырыбы:
«Геометриялық пішіндердің ғажайып елі»
Бағдарламаның мазмұны: Білімділік:
Геометриялық денелерді (текше,шар) және пішіндер (тіктөртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек) атап және ажыратып, санауға үйрету.
Білімдерін жетілдіру.
Заттар мен пішіндерді сипап сезу тәсілі арқылы зерттеу іскерліктерін дамыту.
Дамытушылық:
Ойлау, есте сақтау қабілеттерін және сөйлеуге дағдыландыру.
Ойын арқылы танымдық қабілеттерін, логикалық ой - өрістерін дамыту.
Тәрбиелік:
Тапсырманы ұқыпты, таза орындауға тәрбиелеу.
Дидактикалық ойын:
«Қандай пішін?»
«Сиқырлы калта»
2.Дене шынықтыру
(Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша)

3. Қоршаған ортамен |

Сканировано с CamScanner

	торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; — Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Көркем сөз Ж. Смақов** Шыр, шыр еткен торғайды Таспен атып торғайды Қорғамаса болмайды Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды. Балалармен әңгімелесу:. ♦Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) ♦Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) ♦Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) ♦Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) ♦Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді,	жаяулар жүрет бөлігі туралы білімдерін тиянақтау. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. ♦ Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. ♦ Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер? - Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.	өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну. **Бақылау барысы.** **Көркем сөз «Алғашқы қар» Қ. Ыбыраев** Бейне ақ бұлт қоныпты, Аулаға қар толыпты. Атам анға шығатын, Нағыз сонар болыпты. Інім тұрып ертерек: «Бір – ақ түнде қарашы, Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді) **Тәрбиеші сұрақтары:** • Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (екі – үш күн) • Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал) • Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде) **Зерттеу жұмысы:** Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу. **Еңбек:** Ағаш түптерін қармен жабу. Мақсаты: Қардың қорғаныштық қасиеті	— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы) — Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды). **Бақылау барысы** **Көркем сөз** А. Сәрсеков Күзгі ауланың талдары Кейде құйын өтеді Желмен басын шайқайды Тозандатып жан-жақты Дәурен өтіп жаздағы Кейде құйын кетеді Күздің желі соғады Доп қылып ап жапырақты Бейне тентек баладай Ойран-асыр салады Алма бағын жағалай Алмаларын қағады Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін **Балаларға сұрақтар:** ♦Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? (Күміс күз.) ♦Неліктен? Жұмбақ шешу: Қар да емес, мұз да емес,	**Мақсаты:** Ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). **Бақылау барысы** **Көркем сөз С. Оспанов** Өсе бере сан ғасыр Шыршаларға тимек кім Болып таудың түрсәні Қорғалады орманы Жапырағы жап-жасыл Ол жеміс пен жидектің, Көрдің бе сен, шыршаны? Топырақтың қорғаны. **Балаларға сұрақтар:** • Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.) • Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.) • Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар? • Олардың ортақ

Сканировано с CamScanner

	әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Бойыңа көп жина күш.				
Күндізгі ұйқы	«Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Кереуетте жатып, ояну жаттығулары. «Қайық». Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшымен және өкшемен айналу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету .Математика негіздері –коммуникативтік,танымдық, еңбекәрекеті** (кезекшілердің әрекеті) **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер** (тамақтану)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Асқабақ тиелген трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту. **"Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау. Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту)**	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Жүк мәшинесі". Мақсат-міндеттері. Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету. **Санамақ.** Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім Екі дегенім - елім. Үш дегенім - үміт, Төрт дегенім - түлік. Бес дегенім - берік, Алты дегенім - арық. Жеті дегенім - желім, Сегіз дегенім - сенім, Тоғыз дегенім - той, Он дегенім -ой, Онға дейін санап қой!	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; **"Автобус" қимылды ойын.** Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі, баяу	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Көлік жүргізуші". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап".** Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Көліктер". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету. **"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қызыл түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады. **(танымдық дағдылар)**

Сканировано с CamScanner

	дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машине тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, суретке қарайық. Балалар, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды екі топтарға бөлініп ойнауға болады. **Еңбек әрекеті:** аланды тастардан тазалау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. Тастар арнайы жерге немесе ыдыска жиналады. Сол тастарды бояп, қызықты құрылымдар жасауға болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері.	Бар жолмен жүр ты тасып жүр Жылдамдыкка басып жүр. (Автобус.) **Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша (жүргізуші ойыншыға қолын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босатылған орынға тез отыруды үйрету. **"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. **Еңбек:** күркедегі жолды кардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».** Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауды үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу.	Жұмбақтар. Аркасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус.) Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай.) **Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. **"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тыңдай білуге, мықтылыққа, шапшаңдыкка баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым кашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Аркан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін	өтем . Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) **Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге (белгі бойынша арқанды және карама-қарсы топтың балаларын өзіне тарту) үйрету. **"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. **Еңбек:** әткеншектерді кардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету (карды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс ітеу үшін балалардың шағын топтар құруын қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелерін орындауды үйрету.	байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді карым-катынаска тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. **Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)** Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық карым-катынас қабілеттілігін калыптастыру. **Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды калыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын

Сканировано с CamScanner

	материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету**				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
	(көрнекілік қуыршакка арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балаларға дүкен туралы суреттер мен бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататыны, киімдердің маусымдық киім және сырт киім, ішкиім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушының алдына әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында айтылуы тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз			карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатыны, тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында айтылуы тиіс. Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражат төлеу керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады,	мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар құрылыска қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)**

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Балалармен жеке жұмыс	Бакетов Батырбек **Көркем сөз жаттау** "Қар". Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырынты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жаңтайынты жамбастап. Жаңтайынты жамбастап. (Тіліген Шопаев) **(көркем әдебиет)**	**Аллабердиев Сырым** **«Суреттерді орналастыр».** Ойынның мақсат-міндеттері: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. **(танымдық дағдылар)**			**Ағылманаов Дамир** **«Табиғат жайлы әңгімелесу».** Мақсат-міндеттер: балалардың дүние танымын, тіл байлығын дамыту. - Табиғат дегеніміз не? Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктерден және жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. **(қоршаған ортамен танысу)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Дала аппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі	**Бұлт пен тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.			**Қар тазалайтын машинаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қа тазалаушы көлік) Мақал-мәтелдер. Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке.

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

	орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтады, аларға тауарларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерге киімдерін кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы сақталады, жылдам сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қоршаған ортамен танысу.**			есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойын соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жылдам сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, ол жерде де әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау қажет. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қазақ тілі)**	

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

	Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**				столды сүртіп, жинау, ретке келтіру және т.б.). **Өз бетімен ойындар:** таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)** **Құрылыс ойыны "Зәулім ғимарат".** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(құрастыру)** **«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы:	**Үстел үсті ойыны "Лото".** Жалғасын тап. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады. **(танымдық дағдылар)** **Дидактикалық ойын.** «Сипаттамасы бойынша тап». Ойынның мақсат-міндеттер: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншық жануарлар мен құстар. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр,			**Үстел үсті ойыны.** «Көңілді құрылыс». Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту. **(құрастыру)** **"Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)**

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

	жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. **(дене шынықтыру)**	қояның ойыншықтарын карастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойыншылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойыншылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады. **(қоршаған ортамен танысу)** **«Үй құрылысының ретін көрсет».** Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. **(құрастыру)**			
Балалардың үйіне қайтуы	«Отбасының денсаулық бағдарламасы».	Баяндама «Бала неге өтірік айтады?»			Кенес «Тұмаудың алдын жолдары»

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер
06.01 – 10.01.2025 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы II-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галимжанқызы
Дәйек сөз: «Әділ заң аспан тірегі»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.01.2025	Сейсенбі 07.01.2025	Сәрсенбі 08.01.2025	Бейсенбі 09.01.2025	Жұма 10.01.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жангелді Айбардың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың ойын дамыту» туралы кеңес беру.	Амангосов Ақәділдің ата-анасымен жеке жұмыс: «Бала үшін балабақша қажет пе?» туралы кеңес беру.	Әділ Ахмедиярдың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру.	Әбілхайыр Айарудың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың кателік жіберуге құқығы ар екенін айтыңыз» туралы кеңес беру.	Тұрғанбай Муслимнің ата-ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**«Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку».** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)**

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді, 4- бастапқы қалып Жаттығу 8-10 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы қалыпқа келу, 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде. 1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аягын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау. 1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аягына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге. 1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету. Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Табиғат досы».** Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады. Қардың пайдасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**Шаттық шеңбері** Күндей жадырап, Жұлдыздай жарқырап, Судай молдір таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Қыс мезгілі туралы ертегілер айту, әңгімелеу, мазмұндау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**Шаттық шеңбері** Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан! Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге қосылып айтады. Қыс ерекшеліктерін айтып әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**«Қылқалам ханшасы».** Жер - Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Коркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**«Поезд құрастыру».** Дидактикалық мақсат-міндеттер. Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсініктер беру, орналасу қалыптарын салыстыру **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** 1.«Мұз, жел және аяз» (жүгіру, ептілік) *Мақсаты:* Ойынға деген қызығушылығынарттыру.Жүгіру секіру жылдамдықтарын нығайту 2.«Сақина лақтыру»	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1.«Үй жануарлар калай дыбыстайды» Ат, ботакан, қой, сиыр суреттерін балаларға таратып береді, осылардың калай дыбыстайтынын айтып	**1. Коркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1.«Өз корегінді тап» Ойын шарты: Ортаға бес бала шығады жабайы жануарлардың бет-пердесін тағып.Әр жануар өзінің сүйікті тағамын	**1. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Үй жануарларын дыбыстау» **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Алға, Қазақстаным!» Мақсаты: қимыл арқылы әнді қимылмен орындауға үйрету. **2. Коркем әдебиет**	**1.Дене шынықтыру** **Дидакикалық ойын:** 1. «Аққу-қаздар» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығынарттыру Жүгіру секіру жылдамдықтарын арттыру..

Сканировано с CamScanner

	Мақсаты: Қимылды ойындар арқылы негізгі қимылдарды жетілдіру. **2. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырат» Ойын шарты:Тақтаға екі бала шығып үстел үстінен жануарлардың суретін алып, үй жануарларын үйдің, ал жабайы жануарларды орманның астына екі топқа бөліп орналастырады. 2. «Төлін тап» «Төлдерін тап!» суреттен үй жануарларын төлдерімен сәйкестендіреді. **3. Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** 1. «Менің дауысы» Мақсаты: Балалар мұқият үй жануарларының дауыстарын тыңдап қай үй жануарының дауысы екенін айтады. 2. «Жануарлар» лото. Мақсаты: Балалардың жануарлар туралы білімдерін бекіту, қажетті жануарларды ажырата білу және таба білу. **4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Үй жануарлары» Мақсаты: берілген суретке әңгімелеу. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мұқият орындауға үйрету.	жаттығамыз деп ұсыныс жасайды. - Қой «мә - мә» деп маңырайды; - Сиыр «мө - мө» деп мөңірейді; - Ботақан «бө - бө» деп боздайды; - Ат «ихихихи» деп кісінейді. 2.«Кім қайда тұрады?» Мақсаты: Балалардың жануарлар бейнесін олардың тіршілік ету ортасымен байланыстыра білу дағдыларын қалыптастыру. **2. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1.«Үй жануарларының төлдерін тап!» Мақсаты: балалар суреттерді қарау арқылы төлдерін табады. 2.« Қай жануар қайда тұрады» Үй және дала жануарларды мекен жайына қарай орналастыру. **3.Дене шынықтыру** 1.«Өрмекші мен шыбын» (жүгіру, отыру, шыдамдылық, ептілік) Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығынарттыру.Жүгіру секіру жылдамдықтарын арттыру.. 2.«Аңшылар мен қоян» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығынарттыру.	тауып алу керек. 2. Жұмбақ жасыру. Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар, Сегіз тұяғы бар Иегінде сақалы бар. (Ешкі) Өзі шырақ,өзі қу Жүрген жері айқай шу (Түлкі) Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1.«Пішінді құрастыр» Мақсаты: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. 2.«Суретте қандай жануарлар жасырылған?» Мақсаты: Зейінін, ойлауын, қиялын дамыту. **3. Дене шынықтыру** 1.«Үшты-үшты» Мақсаты; допты дәл көздеуге, құстарды ажырата біліп , білімдерін арттырады. 2. Құрсауға түсір.» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру.Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту.	**Дидактикалық ойын:** 1.«Суретті жинаңдар» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымын, танымдық қызығушылығы мен сөйлеу әрекетін дамыту. 2.«Кімнің баласы» Мақсаты: Бақылау, зейін және талдау дағдыларын дамыту. **3. Сурет салу** **Дидактикалық ойын:** 1.«Жануардың қандай түрін тап» Мақсаты: Жануарларға сипаттама беру және оларды сипаттама арқылы тану қабілеттерін дамыту. 2.«Кімнің құйрығы» Мақсаты: Зейінді, логиканы, есте сақтауды, ұсақ моториканы дамыту.	2. «Таяқшаны құлатып түсір. Мақсаты:Балаларды мұқияттылыққа, шапшаңдыққа баулиды. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1 «Өз орныңды тап» Мақсаты: Цифрлардың сандар катарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау. 2. «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1.Үй жануарлары қалай дыбыстайды Қой «мә - мә» деп маңырайды, Сиыр «мө - мө» деп мөңірейді, Ботақан «бө - бө» деп боздайды; Ат «ихо - ихо» деп кісінейді. - Ал үй жануарлардың төлдерін қалай аттаймыз?(Қошақан, ботақан, құлыншақ, бұзау, лақ) - Осы жануарларды біз неге үй жануарлары деп аттаймыз? (Өйткені, оларды адамдар күтіп қарайды) 2. «Кімнің көлеңкесі» Мақсаты: Логиканы, ойлауды және визуалды есте сақтауды дамыту.

Сканировано с CamScanner

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын білін, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу. - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Бақылау «Қардағы құс іздері»** ***Мақсаты:*** *Қардағы құс іздерін тани білуге үйрету.* ***Бақылау барысы*** Балаларға сұрақтар • Із дегеніміз не? (кардың үстінде қалған белгі) Балаларға аулалағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну. • Қалай ойлайсыңдер, мынау неның іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? • Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы кар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған паректар таратылады және оларға кай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Кар бетінен ұқсас із іздестіріледі. • Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)* **Зерттеу жұмысы:** Алаңдағы шағын жердегі карды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. **Еңбек:** Кардан қала тұрғызуға	**Қарғаларды бақылау** ***Мақсаты:*** - Қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. - Қарғалардың тіршілігін бақылау - Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Қара түсті каркылдақ, Үшып, қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (қарға) *Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға ағаның ұшса аяз болады, қарға қаркылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.* ***Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин*** *Қарға, қарға, қарғалар,* *Көзден жасы соргалар.* *Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе,*	**Қар ұшқындарын бақылау** ***Мақсаты:*** — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов*** *Қонақтайды бақтарға,* *Ақ көбелек, ақ мамық.* *Аунап таза ақ қарға,* *Базарлар жүр мақтанып.* *Тазарып бар кір, шаңнан,* *Қыс өнерін бастады.* *Терезеге қыраудан,* *Сурет сала бастады.* Балаларға сұрақтар: • Жауған кар қандай? • Үшкан карды алақандарына қондырындар, кар ұшқындары қандай? • Жақсылап қараңдаршы, кардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?. Д/О. «Үқсас өрнекті тап». Алаканға кар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу **Зерттеу жұмысы:**	**Боранды күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *Желді күнгі кардың қозғалысы туралы түсінік беру.* ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші жұмбақ жасырады:*** *Жерді тырнап, бұтаны ырғап,* *Шөпті сиқап, ұшады зырғып,* *Жанын қинап, үлпды зарлап.* *(боран)* ***Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды*** *Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,* *Аяз кенет аптыға, Алай-түлей соқ боран.* *Айналаны үрейді, Ақ қар ұшып үйірсін,* *Ақ бораны гүлейді. Ауламызға үйірсін.* *Жас ұланмын шыныққан,* *Жасқанбаймын суықтан.* *Кардан жасап аққала,* *Сырғанаймын шаттана.* ***Тәрбиеші сұрақтары:*** • *Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)* • *Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып*	**Ағаштарды бақылау** ***Мақсаты:*** *Ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** Аулаға шығып, жауған кардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, карын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен карауға көніл бөлу Әңгімелесу: - Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбене кар құлауы мүмкін) - Ағаштар неге қыста еспейді? - Ағаш тамырлары қалай қыстайды? - Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? - Ағаштар қыста неге төнбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, кар жамылады) Аязды күні аяқ астындағы кардың сықыры мен

Сканировано с CamScanner

	қар жинау. *Мақсаты:* — Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; — Жұмысты жоспарлау. **Қимылды ойын:** «Ізбе із». *Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..* **Жаттығу ойындары:** Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. *Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.* **Халық болжамы:** - Қар көп болса, нан мол болады. - Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. - Ит қарға ауласа, қарлы боран болады. - Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.	*Боран соқса қор болар,* *Қапелімде қолға алар.* *Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар,* *Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар.* **Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру **Еңбек:** Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. *Мақсаты:* Бірлесе еңбек етуге баулу. **Қимылды ойын:** «Пингвиндер доп ойнап жүр». *Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.* **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты: Нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.*	Алакандағы қар неге еріді? Қардың қай жерде, алаканда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: - Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; - Бастаған істі аяқтауға үйрету. **Қимылды ойын:** «Екі аяз» *Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.* **Жаттығу ойындары:** «Байқап өт». *Мақсаты: Заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.*	*жатыр)* • *Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұнқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)* • *Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)* **Зерттеу жұмысы:** Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. **Еңбек:** Боранан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты:Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Желдірмен». *Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.* **Жаттығу ойындары:** Қимылдарды дамыту. *Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).*	ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау. **Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев** Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. **Балаларға сұрақтар.** ♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар? ♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар) **Зеттеу жұмысы:** Жазда бұта өскен жердегі қарды терендетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. . **Еңбек:** Жауған қарды ағаш түбіне үю. *Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:**«Кім ағашқа бұрын жетеді?». *Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.* **Жеке жұмыс:** «Затты тап». *Мақсаты:* — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.

Сканировано с CamScanner

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету. Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге кою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарланыз.				
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен бөдене» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Алпақ бетің мандайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аппақ қар" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, табиғатты көркем бейнелеген сөздерді мұқият есте сақтауға үйрету. **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Алыс және жақын жатқан қар". Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың алыс не жақын қашықтықта тұруы ұғымдарымен таныстыру. **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Қуыршақ театры шымылдығын әшекелейміз".	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Оюлар салынған қарлы жолақ". Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты жолдарды қазақтың ою өрнектері элементтерімен безендіру тәсілімен таныстыру; "қарға ізі",	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қарды бақылау. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-р] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Р] дыбысымен таныстыру; кейбір қоршаған объектілердің шығару дыбыстарының дауыссыз [Р] дыбысының айтылуы біркелкі	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қар жауғанда". Мақсат-міндеттер: кардың қасиетімен таныстыра отырып, кардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; кардың қасиеттерін атай білуге үйрету.

Сканировано с CamScanner

	"Аққала қалай пайда болды?" Мақсат-міндеттер: балаларды аққаланың алғаш пайда болуы туралы деректермен таныстыру; аққала туралы әртүрлі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. **Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру	Мақсат-міндеттер: балаларды жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, және оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театр шымылдығын безендіруге үйрету.	"құс тұмсығы", "қанқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықта қарындашпен сурет салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту. **Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"** Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету, кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	болатыны туралы, дыбыстың сөздердің құрамында әркалай тұратыны туралы түсіндіру. **Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілі (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(сурет салу)**	**«Тап та, атын ата» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**

Сканировано с CamScanner

	бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.				
Балалармен жеке жұмыс	Жангелді Айбар **Жыл мезгілі туралы әңгіме.** Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. **(коршаған ортамен танысу, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**	Әбілхайыр Айару **"Сәйкесін тап"ойыны.** Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)**	Тұрғанбай Муслим **Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(сурет салу)**	Жексенбай Амирхан **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Бакетов Батырбек **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(танымдық дағдылар)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Көшені бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өмірінді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы) **Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, почта,	**Отырғызылған гүлдерді табиғат бұрышына қою, гүлдерді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Тақпақ «Су құям гүлге» Қ.Сауғабаев. Ұмытпай күнде, Су құям гүлге. Жайнайды гүлім, Құлпыртып түрін. **Бақылау:** бөлме гүлдерінің атауларын бекіту, олар туралы білімдерін кеңейту. Бөлме өсімдіктерін күту; бөлме өсімдіктерінің негізгі талаптары бөлімін бекіту, негізгі белгілері туралы мәлімет беру (шіріген,	**Көпірді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Өзеннің қос жағасын, Жалғастырып жол жатыр. Тура өтіп шығасың, Су кештірмес қол шатыр. (көпір) **Бақылау:** көпірмен таныстыру. Көпірдің құрылысы жайында түсіндіру (тіреуіші, жан-жақты құрылымы) бар; жүру белгісі (автокөлікке, жаяу жүргіншілерге, бәріне	**Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай гөр. Біз батыл баламыз. Жылы үй қорамыз. Ақ ұлпа қарыннан. Аққала саламыз. **Бақылау:** балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару. Балаларға баған түбінде	**Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақал-мәтелдер. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Ердің атын еңбек шығарады. Ер дәулеті - еңбек. **Бақылау:** қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аударту. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі. Балалардан аула тазартушының жазғы

Сканировано с CamScanner

	колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Қимылды ойын: «Бірінші бол».** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оңға қарай, басқасы солға қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. **Еңбек:** алаңдағы құралдарды кардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбакан және т.б.). Өз беттерімен алаңдағы құралдарды кардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**	жапырақтары сарғайған және т.б.), суарудың қосымша түрімен таныстыру. Бөлме өсімдіктерін жақсы көру, оларды күту, тірі ағза сияқты қарым-қатынаста тәрбиелеу. Қимылды ойындар. **«Қара сиыр» (қазақтың ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Дабыл бойынша тығыз орта құра білу дағдысын бекіту, ойын ережесін сақтау (ойыншының жанына бір затты жасыру, дабыл бойынша затты іздеу, тапқан адам қарауылдайды, қалғандары оны алып қоюға тырысады). Шынықтыру, ептілікті, төзімділікті дамыту. **Еңбек:** гүлді суару, жапырақты жуу. Балаларды өз бетінше тәрбиешінің берген тапсырмасын орындауға үйрету (гүлді суарып, жапырақтың шаңын сүрту).Өсімдікке ұқыптылықпен қарап, уақытында күте білуге бағыттау. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** ойында балалар өз іс-әрекеттерімен жолдастарының қимыл-істерімен ұштастыра білуі.	ортақ). **Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)** Балалардың ойын ережелеріне бағынуын, жауапты рольдерді орындай алуға ұмтылдыру . **Еңбек.** Жолға құм себу. Берілген тапсырманы, жолға құм себуді өз беттерінше орындауға үйрету. Білу және еңбек ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойын ойнау барысында белсенділіктерін арттыру.	орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еруінің, баған түбінде шеңбердің бар екендігін түсіндіру. Бұл көктем мезгілі жақындады деген алғашқы белгі. Өз зерттеулері бойынша тәрбиешінің берген сұрағына жауап таба білу дағдыларын арттыру. **Қимылды ойын. «Кім шапшаң?» (дене шынықтыру)** Белгіленген жерден шаңғымен жүре білуді қалыптастыру. Жарыстарға қатысуға деген талаптарын арттыру; достық сезімдерін ояту, топтағы жолдастарына көмек беруге тәрбиелеу. **Еңбек.** Табиғат бұрышына жуа отырғызу. Балаларға табиғат бұрышына, жәшікке жуа отырғызып үйрету, жуаның құрамында ағзаға пайдалы дәрумендердің барын айту. Өсімдіктерді табиғи-іс-әрекет қатынасы ретінде қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Қарым-қатынас және ойын барысында балаларға талаптар мен ережені (тәртіп мәдениетін, достық, ұжымдық қарым-қатынасты) меңгерту.	жұмысына қарағанда, қысқы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақ халқының ұлттық ойыны) (дене шынықтыру)** Жаттығу жасау барысында еңбектену. Жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. Жолдасының жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу. **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). **(еңбек дағдылары)**
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету. Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз.				
Балалардың	**«Мозанка».**	**Саусақ жаттығуы.**	**"Пазл".**	**"Сипаттамасы бойынша таны"**	**"Құрылыс ойындары**

Сканировано с CamScanner

дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	1. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен балақ үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. 2. Піл. Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балақ үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтары, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. **(сөйлеуді дамыту)** **Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны** Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады. Ойынның мақсаты: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді. Барысы: Балалар түрлі-түсті блоктардан күшік пен олардың үйшіктерін құрастырады. **(математика негіздері)**	Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	**дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)**	**"Робот".** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. **(құрастыру)** **"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын.** Дидактикалық тапсырма: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы және жазғы пейзаждың суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Балалардың үйіне қайтуы	"Балаңызды үй шаруасына араластырасыз ба?" атты сауалнама.	Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Медбикеден кеңес. «Тазалық – денсаулық кепілі».	Балалардың денсаулықтары жайында әңгімелесу.

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер
13.01 – 17.01.2025 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы III-апта
Педагогтың аты-жөні Абдуалиева Динара Галимжанқызы
Дәйек сөз: «Әділ заң аспан тірегі»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.01.2025	Сейсенбі 14.01.2025	Сәрсенбі 15.01.2025	Бейсенбі 16.01.2025	Жұма 17.01.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жангелді Айбардың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың ойын дамыту» туралы кеңес беру.	Амангосов Акәділдің ата-анасымен жеке жұмыс: «Бала үшін балабақша қажет пе?» туралы кеңес беру.	Әділ Ахмедиярдың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру.	Әбілхайыр Айарудың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың қателік жіберуге құқығы ар екенін айтыңыз» туралы кеңес беру.	Тұрғанбай Муслимнің ата-ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз» туралы кеңес беру
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**«Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку».** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)**

Сканировано с CamScanner
Сканировано с CamScanner

Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы қалыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде. 1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау. 1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге. 1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)**				
Серуен	**Суықторғайды бақылау** ***Мақсаты:*** — Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; — Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. ***Бақылау барысы*** ***Көркемсөз А. Мендібай*** Қарағай мен шыршаның Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап карасаң, Қайында алма өсіп тұр! Жақын келіп карасам, Көзіме өзім сенбедім- Алқызыл болып көрінген, Әнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің? **Тәрбиеші жұмбақ жасырады:** ♦Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) ♦Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) ♦Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде) ♦Суықторғайлардың балапандары қай уақытта	**Боранды күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *Желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.* ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші жұмбақ жасырады:*** *Жерді тырнап, бұтаны ырғап,* *Шөпті сипап, ұшады зырлап,* *Жанын қинап, үлиды зарлап. (боран)* ***Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды*** *Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,* *Аяз кенет аптыға,* *Алай-түлей соқ боран.* *Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін,* *Ақ бораны гүледі.* *Ауламызға үйілсін.* *Жас ұланмын шыныққан,* *Жасқанбаймын суықтан.* *Қардан жасап аққала,* *Сырғанаймын шаттана.* ***Тәрбиеші сұрақтары:*** *Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан*	**Ағаштарды бақылау** ***Мақсаты:*** *Ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. Әңгімелесу: Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін) Ағаштар неге қыста өспейді? Ағаш тамырлары қалай қыстайды? Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады) Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен	**Жеңіл көліктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *Автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев*** *Бұзба көше тәртібін,* *Ұрынасың апатқа.* *Қызықты өтсін әр күнің,* *Жақын болма шапаққа.* *Көшеден өтер кезінде,* *Абайлап қара жан-жаққа,* *Келе жатқан көлікке,* *Жол бер, өтсін, асықпа!* Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: ♦Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? ♦Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)* ♦Көліктер қоршаған	**Күн мен түн неге ауысады?** ***Мақсаты:***Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру. ***Бақылау барысы*** Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. **Балаларға сұрақтар.** ♦Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)* ♦Күн неге батады?

Сканировано с CamScanner

	көрінеді? (мамыр айында) ♦Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) неніқ дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды) ♦Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) ♦Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен) **Зерттеу жұмысы:** Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? **Еңбек.** Ойын алаңын кардан тазалау. *Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу* **Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты». *Мақсаты:аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу* **Жаттығу ойындары:** «Қалшықтағы жемді жеткіз». *Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру* ***Халық болжамы:*** *Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*	*қар ...ң бір-біріне араласуы)* *Мұқият қараңдарыңы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)* *Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)* *Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)* **Зерттеу жұмысы:** Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. **Еңбек:** Боранан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты:Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Желдіірмен». *Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.* **Жаттығу ойындары:** Қимылдарды дамыту. *Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).*	ағаштардың басына қар түсуін бақылап, тындау. **Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев** Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. **Балаларға сұрақтар.** ♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар? ♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар) **Зеттеу жұмысы:** Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. **Еңбек:** Жауған қарды ағаш түбіне үю. *Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:**«Кім ағашқа бұрын жетеді?». *Мақсаты:ағаш аттарын есте*	ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндермен, асфальт бетін бензин тампыларымен ластайды)* ♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)* ♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)* ♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)* ♦ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек? **Еңбек:** Ауланы бірлесе отырып тазалау. *Мақсаты :* — бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; — жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. **Қимылды ойын:** «Багдаршам». *Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.*	*(жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)* **Зерттеу жұмысы:** Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көленке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көленке ұзын болады, ал, түсте көленке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көленке қысқа). **Еңбек** Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. *Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Жердің күнді айналуы». *Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.* **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». *Мақсаты:мергендіктерін дамыту.* **Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Сканировано с CamScanner

			сақтауларын бекіту. **Жеке жұмыс:** «Затты тап». *Мақсаты:* — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.	**Жаттығу ойындары:** Ұзындыққа секіру . *Мақсаты:* — Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.	

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, наңды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сорпаңды баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кенейту. **Коркемсөз** Қолды жусақ әрқашан, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**

Балалардың дербес іс-	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қысқы аулада" суреттер	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қос қолғап".	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қыс қызығы аққала".	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**	**Құрастыру** "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттер:

Сканировано с CamScanner

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	тізбегі бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Сырганақ". Мақсат-міндеттер: балаларды сырганақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырганақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.	Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету. **"Мысық пен тышқандар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады. Тәрбиеші былай дейді: - Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: - Тыныштalыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлменлер. Ұйқыға жатқан мысықты	Мақсат-міндеттері: бо[illegible] балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қыстың жуан және жіңішке жолақтары". Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.	"Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік калпы туралы түсініктерін кеңейту. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жылқы". Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету. **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; коршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(коршаған ортамен**	балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту. **«Тақия тастамақ» қимылды ойын.** Ойынның мақсат-міндеттер. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.

Сканировано с CamScanner

	Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Жұмбақ. Мен кетемін, ол қалар. (із) **Бақылау:** қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан-жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілін дамыту. **Қимылды ойын.** **«Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек:** орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық,	Тасты тесіп, қарыпты. (өзен) Мақал-мәтелдер. Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. **Бақылау:** қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. Бірінші көлдің жиегінде мұз пайда болады, ол жұқа, тез ерігіш; содан толығымен қалың мұз басады; көлдегі мұз үстімен адамдар жүреді, балалар коньки тебеді; мұздың үстін қар басады, мұз астында балықтарға өте қараңғы, олар аз қозғалады. Кейбір жерлерде ойылған ойықтарды көруге болады, ол жерлерде балықшылар отырады. Судың астында ауа аз, балықтар ойықтың үстіне шығып дем аламын деп балықшының қармағына түсіп қалады. Балаларға өздерінің көргендерін ашып, толық көлемде айтуларын талап ету. **Қимылды ойын.** **«Белгіні тыңда».** Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту. **Еңбек.** «Қар ойыны. Қар туралы білімдерін бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату; табиғи	Күн мұнайып тұр бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар. Жаңа жыл күні Төрінде тұрар. Басқа күні Өскен жерінде тұрар. (шырша) **Бақылау:** қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір-бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша - үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай - қылқан жапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты жеткізу. **Қимылды ойын.** **«Қақпа».** Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. **Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды жинау.	туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қалыптардағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, коршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа,	Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылыска жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кенейту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға

Сканировано с CamScanner

	ұжымдық түсіністік болуын қадағалау).	материалдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру **Өз бетімен ойындар:** ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, бір-біріне көмек көрсету, қиындықтан шыға алуға талпындыру.	Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.	тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малакай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұргызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сорғытпай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	**Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту.	**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші	**Санамақтар.** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты,	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің жаңа жылдық суреттердің	**Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ

Сканировано с CamScanner

		оятып алы. Күрмеңдер, - дейді. Мысықты сомдайтын бала өз рөлін атқарады, "тышқандарды қуалайды". **(дене шынықтыру)**		**танысу, сөйлеуді дамыту)**	
Балалармен жеке жұмыс	Әділ Ахмедияр **Үшінші артық** Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	Самат Айзере **Жаңылтпаштар жаттау.** 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші, бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім. Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жиенбай Хасан **Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу.** Мақсат-міндеттер: мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	Бакетов Батырбектің **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)**	Тұрғанбай Муслимнің **Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Қардағы іздерді бақылай білу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз.	**Өзенді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Туған жердің белбеуі, Шұбатылып қалыпты. Керемет-ау кернеуі,	**Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз.	**Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі	**Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері.

Сканировано с CamScanner

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	тізбегі бойынша әңгіме құру. Максат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кенейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Сырғанақ". Максат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.	Максат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; кос колғаптын біріне қылқалам мен бояу аркылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету. **"Мысық пен тышқандар" ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" үйлерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады. Тәрбиеші былай дейді: - Тышканға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар үйлерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: - Тыныштаңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыға жатқан мысықты	Максат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қыстың жуан және жіңішке жолақтары". Максат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кенейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.	"Ақ аю". Максат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік калпы туралы түсініктерін кенейту. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жылқы". Максат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына карай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету. **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; коршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(коршаған ортамен**	балаларға кардан құрылыс немесе камалдар жасауға үйрету: қойылған максатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту. **«Тақия тастамақ» қимылды ойын.** Ойынның максат-міндеттер. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір оқушы тақиясы шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына киіседі. Басында тақиясы бар бала түбір және тұйық сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.

Сканировано с CamScanner

		құрылыстар жасату; ...ыги материалдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру **Өз бетімен ойындар:** ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, бір-біріне көмек көрсету, қиындықтан шыға алуға талпындыру.	түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.	немес...дан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Максат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Максат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Максат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, аракатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Максат-міндеттер: балаларды әр аннның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Максат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу. **(сурет салу)**	**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.** Максат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек.; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. **(математика негіздері)**	**Санамақтар.** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**"Лото" үстел ойыны.** Максат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. **(сөйлеуді дамыту)**	**Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Максат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)**
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кенес.«Тұмаудан сақтанайық »	«Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кенес беру.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?"	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер: _____
10.02 – 14.02.2025 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы II-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галимжанқызы
Дәйек сөз: « Шығармашыл бала-ойлы бала»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.02.2025	Сейсенбі 11.02.2025	Сәрсенбі 12.02.2025	Бейсенбі 13.02.2025	Жұма 14.02.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жиенбай Хасанның ата-анасымен жеке жұмыс: «Сіз қандай ата-анасыз?»» туралы кеңес беру.	Самат Айзеренің ата-анасымен жеке жұмыс: «Бала үшін балабақша қажет пе?» туралы кеңес беру.	Жексенбай Амирханның ата-анасымен жеке жұмыс: «Біздің қысқы демалысымыз» туралы кеңес беру.	Агилманов Дамирдің ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың кателік жіберуге құқығы ар екенін айтыңыз» туралы кеңес беру.	Жангелді Айбардың ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (бағыт қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту.	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көл жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу, жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғал ды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
Таңертенгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;				

Сканировано с CamScanner

	3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигиеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қайырлы таң». Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен, ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін. **(сөйлеуді дамыту)**	«Амансың ба, алтын күн!» Амансың ба, алтын күн! Амансың ба, аткан таң! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Жарты шеңбер құрып отырып, барлығы бірге айтады және бірігіп жасайды. **(сөйлеуді дамыту)**	«Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл тұрсын! Жерім жайнап құлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл тұрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге тыныштық! Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды. **(сөйлеуді дамыту)**	Достар бері, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. (Г.Абдрахманов) Шеңберде қол ұстасып тұрып өлең жолдарын бірге айтады. Такырыпка байланысты жұмбақтар жасыру. **(сөйлеуді дамыту)**	«Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл тұрсын! Жерім жайнап құлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл тұрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге тыныштық! Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды. **(сөйлеуді дамыту)**

Сканировано с CamScanner

Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Дене шынықтыру **Қимылдық ойын:** 1.«Кімнің тобы тез жиналады?» Мақсаты: балаларды шапшандылыққа үйрету. **.«Алыптар мен құрттақандар»** Мақсаты: ойын барысында ережесін сақтап, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **2. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1.«Аспазшылар» Мақсаты: азық-түлік туралы балалардың көріністерін өзектендіру және тағамдарды дайындау алгоритмі: ойын балалардың алғышарттар логикалық ойлау, байланыс сөйлеуді, сөзжасам дамытады. **2.«Кім кім?». »** Мақсаты: адамды өзінің кәсіби қызметімен байланыстыру қабілетін дамыту; Еңбекті құрметті құрметтеме. **3. Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Ғажайып қапшық»** **Мақсаты:** әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану **Ойынның барысы:** Қапшықтан заттар бейнеленген суреттерді бір-бірден алып шығады (мысалы: аспазға азық-түлік, қазан, таба, тамақ пәсәретін плита керек; дәрігерге дәрумен,	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1.**«Азық-түлік дүкені»** Мақсаты: балаларда "Азық-түлік дүкені"сюжетті-дидактикалық ойынды ойнау дағдысы қалыптастыру. 2.« **Азық-түлік өнімдері»**. Мақсаты: Сөздерді байыту және сөздердің сандық қорын толтыру; Қиял, ойлау, сөзжасамдық дағдыларды дамыту. **2. Қоршаған ортамен танысу** **Дидактикалық ойын:** 1. «Сиқырлы қап» ойыны. Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Ойын барысы: Мұғалім балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сиқырлы дорба бар онда не бар екен? - дейді. Кәне, көрейік! 2. **«Аспазшылар»** **Мақсаты:** азық-түлік туралы балалардың көріністерін өзектендіру және тағамдарды дайындау алгоритмі: ойын балалардың алғышарттар логикалық ойлау, байланыс сөйлеуді, сөзжасам дамытады. **3.Дене шынықтыру** **1.«Бұл заттар үшін не қажет?»** Мақсаты: Балалар шеңберде тұрып, допты лақтырып, тақырыпқа қоңырау шалыңыз. Доп бар бала бұл тақырыппен не істейтіндерін тез айтуы керек. **2. Қимылы аз ойын: «Кімде**	**1. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Дәмін ажырат»** Мақсаты: балаларға тағам түрлерін дәміне қарай ажыратуға үйрету. Ойын шарты: Көздерін жұмып, тағам түрлерін дәмін тату арқылы ажыратады. **2.«Не дәмді?».** Мақсаты:Балалар тағамдар туралы түсінік беру. Балалардың тағамдарды дімді немесе ашы ұғымдарын түсінуге үйрету. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1.**« Үшбұрыш және көпбұрыш** Мақсаты: Пішіндерді қайталап үйрету **2. «Не жоқ?»** Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші шырша ойыншығын жасырады. Балалар қай ойыншықтың жоқ екенін табады. Содан соң тәрбиеші екі ойыншықты алып тастайды, үшінші рет ойыншықтар алынбайды, орындары ауыстырылады. **3. Қазақ тілі** **ойын:** 1. **«Мамандықтар».** Мақсаты: Мамандықтар идеясын, сөздерді байыту және сөздердің сандық қорын толтыру; Қиял, ойлау, сөзжасамдық	**1. М[illegible]ка** **Дидактикалық ойын:** 1.**«Кім кімдер кәсіп туралы көбірек айтады».** Мақсаты: Өз кәсібімен адамдарды еске түсіру. **2.«Үстел дүкені».** Мақсаты: ыдыс-аяқтардың аттарын қалыптастырыңыз, сатушы кәсібі, барлық мамандықтардың жұмысын құрметтеу, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, қабылдау, қабылдауды дамыту. **2. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Сиқырлы суреттер»** Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үдерістерін дамыту. **2.«Қайдан сатып алуға болады?»** **Мақсаты:** Азық - түлік, көкөніс, жеміс - жидек атауларын еске түсіру мен оларды ажырату білу . Алма, нан, сүт, ірімшік, киял, пи яз, орамжапырақ, таңқурай, бұл дірген, құлпынай, май, қаймақ, шұжық, алма, жүзі м, алмұрт, сәбіз, қызылша Азық – түлік дүкені көкөніс дүкені жеміс - жидек дүкені **3. Сурет салу** **Дидактикалық ойын:** 1.**«Өзара айырмашылығын тап»** **Мақсаты:**Суреттерді салыстыр а отырып, айырмашылығын тапқызу. **Көрнекілік:** суреттер жинағы	**1.Дене шынықтыру** **Дидактикалық ойын:** 1.«Мен оны қайдан сатып алуға болады?».Мақсаты: Ойын балалар туралы білімді біріктіреді Әр түрлі өнімдер Әр түрлі дүкендерде сатылды. азық-түлік, өнеркәсіптік, кітаптар (әр түрлі болады) азық-түлік дүкендері. «Көкөністер - жемістер», «наубайхана», «сүт», «аяқ киім», «киім», «киім», «мата», « Балалар әлемі» «Спорттық тауарлар»); Балаларды дүкендер арасында олардың атымен, қоршаған ортаға бағыттауды үйретеді; Ата-аналарға көмектесу, карапайым сатып алуды армандайды; Бірлескен қызмет түрлерінде сөйлесу. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1.**«Алмаларды санау»** Мақсаты: балаларды берілген тапсырманы орындауға қызушылықтарын тудыру» 2.«Кім кім?». » Мақсаты: адамды өзінің кәсіби қызметімен байланыстыру қабілетін дамыту, Еңбекті құрметті құрметтеме. . **«Заңдылығын тап»** Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту.Тәрбиеші 9 тор көзден тұратын, олардың алтауы заттармен кезектесіп отыратын кесте бар. 3 зат үстелдің үстінде жатыр. Орналасу заңдылығын анықтап, заттарды өз тор көздеріне қояды. Егер балалар тапсырманы дұрыс орындап, өз әрекеттерін түсіндіруде қиналатын болса, онда тәрбиеші оларға көмектеседі. **3. Қоршаған ортамен таныстыру**

Сканировано с CamScanner

	температура өлшейтін градусник, дәке керек.) **2. «Мамандық табу».** Мақсаты: балалардың кәсіптер туралы білімі. Ерлер мен әйелдер бойынша кәсіптер бөлу ідеясын қалыптастыру. **4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Қыс» Мақсаты: жаттығуларды бірге қайталауға үйрету. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Аяқпенен топ топ топ» Мақсаты: тәрбиешімен бірге қимылдарды орындау, әуенді тыңдау.	Ақ ...?» Мақсаты:табиғат құбылысына көңіл аудара біліп, күнге қуанып, түнге қимылды тоқтата білу керек	дағдыларды дамыту.	**Шарты:** Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. **2.«Азық-түлік дүкені»** **Мақсаты:** балаларда "Азық-түлік дүкені"сюжетті-дидактикалық ойынды ойнау дағдысы қалыптастыру. **Дидактикалық материал:** өнімдерді бейнеленген суреттер, себеттер бейнеленген сурет	**Дидактикалық ойын:** **1. «Сиқырлы қапшық»** Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. **2. «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты**:Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Сөздік қорын толықтыру:майдалау,себу,диқаншы,комбайын,элеватор,дірмен
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау** ***Мақсаты:*** — Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, — Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады**	**Қарды бақылау** ***Мақсаты:*** Қыс аяғында карда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев*** *Қысым-ақ, қысым-ақ,* *Жібердің қысын-ақ.* *Қалмасыз біз деген,* *Боранға ұшырап.* *Аппақ қар жауа бер,* *Риза ғой саған ел.* *Боратты-ау бораным,* *Қайратын қарай көр.* *Біз батыл баламыз,* *Жылы үй, қорамыз.* *Ақ ұлпа қарыңнан,*	**Желді бақылау** ***Мақсаты:*** — Өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — Табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. ***Бақылау барысы*** **Үйытқыма жел Ө.** Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Үйткіды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Үйткып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай.	**Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** — Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; — Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:** 1. Етек жені жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. 2. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын,	**Ауладағы ағаштарды бақылау** ***Мақсаты :*** — Ағаштар туралы білімдерін молайту; — Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы*** *Қар жамылды бақтарым* *Қыратым да, сайым да.* *Тағынты қыс ақ қарын,* *Үкі етіп қайыңға.* *Бүркеніп ақ желекті,* *Жарқырайды маңайым.* *Ойға шомып теректің,* *Ақ шалынты самайын.* **Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.**

Сканировано с CamScanner

	Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек шетка айналып тұрады. ♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан) ♦ Олардың қылшықтары қандай? (катты, тікенекті) ♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) ♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, карды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алыска лақтырады) ♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) ♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) **Зерттеу жұмысы:** Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру **Еңбек:** Алаңды кардан тазалау, қардан көше қылысын құрастыру *Мақсаты:*	*Аққала соғыңыз.* *Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылыжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап еріді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақ айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, оз қоректерін табу қыпға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері оздерінің өткір тұяқтарымен қардың теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жанырақтарды қынындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиын жаралайды.* **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ қыс айларын атаңдар? ♦ қар бетінде пайда болған жұка қабықша қалай аталады? ♦ қарқатқақ қалай пайда болады? **Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және коршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұка. Неге? **Еңбек:** Сырганакка су себу *Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырганақ бетіне тегіс себуге үйрету.* **Қимылды ойын:** «Екі аяз». *Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.* **Жаттығу ойындары:** «Кім	**Балаларға сұрақтар** ♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* ♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран, үскірік)* ♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компасп ен, зырылдауықпен) ♦ Жел қалай пайда болады? ♦ *Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.* **Еңбек:** Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді кардан тазалау. *Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан». *Мақсаты:* — Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; — Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты:* Қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін елсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу **Халық болжамы:** Мысық жылы жерді паналаса, катты аяз болады	Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жанбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. **Балаларға сұрақтар.** ♦ Бұлттар қандай болады? ♦ Олар қайдан пайда болады? ♦ Бұлттар нелерге ұқсайды? **Зерттеу жұмысы:** Аспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. **Еңбек:** Жолдар мен сырганақтарды кардан тазалау.. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.* **Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей». *Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.* **Жаттығу ойындары:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* — Сырганауға үйрету; — Сырганау кезінде отыруға үйрету. **Мақал-мәтел:** Мезгіл жетсе мұз ерір.	♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? ♦ Күзде қандай болды? ♦ Қазіргі бейнесі қандай? ♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? ♦ Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? **Зерттеу жұмысы:** Алма ағашы мен қайың ағашының қыскы тұрқын салыстыру **Еңбек:** Жолды кардан тазалау. *Мақсаты:* Аула қараушыға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» *Мақсаты: Доға астынан еңбектеп оту дағдыларын жетілдіру.* **Жаттығу ойындары:** Секіру *Мақсаты: Орында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру* **Халық болжамы.** Ит карға ауласа, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.

Сканировано с CamScanner

	— Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; — Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Аңшылар мен аңдар» *Мақсаты:* — Қозғалыс дағдыларын бекіту; — Батылдықтары мен епті ліктерін дамыту. **Жаттығу ойындары:** «Көпірден өт». *Мақсаты:* Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру **Халық болжамы:** Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады.	**гдыға секіреді?».** *мақсаты: Белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.* ***Халық болжамы:** Қар көп болса, нан мол болады.*			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, колдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Мәдени-гигиеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде колды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс колдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жаксы болар жағдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Үш дос» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Аяқ-колды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Колды жуып жүремін.				

Сканировано с CamScanner

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дер[illegible] әрекет, көркемсөз)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-л] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" мен "қала" ұғымдарын тиянақтау. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Бақша ағаштары". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бақша ағаштары" әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аквариум балықтары". Мақсат-міндеттер: балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру. **«Үй жануарлары мен төлдері».** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету. Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап,	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Мысығым менің мысығым". Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Түрлі пішінді балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әркалай жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру. **Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"** Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Террариумдағы тасбақа". Мақсат-міндеттер: балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". Мақсат-міндеттер: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету. **Театрды сахналау.** "Орман дәрігері" ертегісін алжапқыштарды пайдаланып сахналық қойылымын қою.	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".** Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сирек бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табигат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы

Сканировано с CamScanner

	сака беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде	...ияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. **(дене шынықтыру)**	Балаларға балабақш...ы таңғы жаттығуды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**		айту. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Ұлттық ойын "Бес тас"** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін колға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.

Сканировано с CamScanner

	ақтық сайысқа түседі. **(дене шынықтыру)**				
Балалармен жеке жұмыс	**Бакетов Батырбек** **«[р] дыбысын ұстап ал» ойыны.** Мақсат-міндеттер. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Балалардың дыбыстарды есту, ажырату қабілетін жетілдіру; шапшаңдыққа, мұқияттылыққа баулу. - Балалар, сендер [р] дыбысы бар буынды немесе сөзді байқасаңдар, қол шапалақтаңдар. Буындарда: та, па, ра, ро, пе ал, ар, со, ре, шу, су, ру, бақ, бар, бел, бір, сым, сыр, тек, тер, тал, тар, тыс, тыр, көл, көр. Сөздерде: кітап, парта, қалам, сызғыш, өшіргіш, дәптер, күнделік, қарындаш, алма, сарымсақ, робот, тақия. Арман, Марал, Құндыз, Арай, Қайрат, Қуат, Ажар. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**Жангелді Айбар** **Санамақтар.** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қыркылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! **(сөйлеуді дамыту)**	**Адилов Ахмединяр** Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. **(коршаған ортамен танысу)**	**Әбілқайыр Айару** **«Не артық?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың логикалық ойын дамыту. Сиыр, ешкі, жылқы, аю. Жолбарыс, арыстан, сиыр, қасқыр. Бұзау, құлын, қозы, түлкі. Бүркіт, қарға, сауысқан, торғай. **(коршаған ортамен танысу)**	**Ағилманов Дамир** Баламен еркін таңдаған кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. **(коркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;				

Сканировано с CamScanner

	- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу. - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Сәуір	**Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сурет салу)** Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. *Көркем сөз:* Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. **Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге ермелеп шығуға жаттықтыру. **Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі	**Қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды, сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнектің шынысына, ағаштың бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашық кезінде пайда болады. *Көркем сөз.* Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, талқырлық таныта білу. **Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз, бу, су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы). Жорамал. Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ. Қанат сияқты ақ,	**Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: 1) Мұз қандай болады? 2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты. 3) Мұз қалай пайда болады? 4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? 5) Олар қайдан пайда болады? 6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады? *Көркем сөз.* Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев. **Қимылды ойын: «Қояның үйшігі». (дене шынықтыру)** Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату.	**Терезедегі өрнектерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған көңілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. *Көркем сөз.* Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. **Қимылды ойын. «Айлакер түлкі». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу. **Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. **Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. **Жорамал:** қыс аязды болса, жаз ыстық болады. Жұмбақ. Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) **Еркін ойындар.** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: желдің бағытын анықтау. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтінінен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. 2. Қыста жел қандай болады? *Көркем сөз.* Қыстағы қар, жаздағы жанбыр – жерге жауған нұр. **Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. **Еңбек:** аланды көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсат-міндеттер: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. **Жеке жұмыс:** екі аяқпен бірдей басып қарлы жолмен секіру. **Жорамал:** қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса, күн желді болады. **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.

Сканировано с CamScanner

	қарлы жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып барып қарлы тазалауға қатысады. Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. **Жеке жұмыс. (көркем әдебиет)** «Адасқан қар киршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Жұмбақ. Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) **Еркін ойындар.** Төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	Ұлпа боп жауып жатады **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру, ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.	Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру, ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу				
Кешкі ас	**Мәдени-гигиеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-	**Тіл ұстарту жаттығулары.** Мақсат-міндеттер: Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы	**"Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қыстайтын аңдар арасынан ұйқыға	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы	**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне

Сканировано с CamScanner

әрекеттер)	ро-ро-ро-рома ру-ру-ру-кару ар-ар-ар-кар ур-ур-ур-ура Р- дыбысын буында, сөзде қайталаймыз: Ра-ра-ра- козыға жақсы қара. Ры-ры-ры- жинап алдым тары. Ар-ар-ар- далада қалың қар. Ыр-ыр-ыр- жаттап алдым жыр. Ра-ра-ра- Айжан шашыңды тара. Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр. Ра-ра-ра- бал жинайды ара. Мір-мір-мір-кап- кара көмір. Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады? Тр-тр-тр. Мысық қалай дыбыстайды? Мр-мр-мр. Қарға қалай каркылдайды? Қаррр-каррр-каррр. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	[illegible]алармен талқылау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Р. Тышқанбаевтың «Қыс» өлеңін оқу.** Педагог өлең оқи бастайды: Шыңнан сырғып түсті де, Келді етекке қыс, міне. Ақ қарлар ақ көбелек, Қонды үйлердің үстіне. Боран соғып бірде өкпек, Үйге айдады «кір» деп тек. Мұз көрпеге оранды, Сулар тоңып дірдектеп. Аулаға қар үйгізді, Бетті аязға сүйгізді. Тоңбасын деп теректер, Қырау ішік кигізді. **(көркем әдебиет)** Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)**	бататындарды ажыр[illegible], аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау. Шарты: аңдардың суреттеріне карап арасынан қысқы ұйқыға бататындардың суреттерін бөліп алу. Таңдауларының себебін түсіндіру.	зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) **(математика негіздері)**	орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Үсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бөліктерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(жапсыру)**
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналармен тренинг жүргізу. Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»	Балаға қандай жиһаз қауіпсіз екендігі туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады.	«Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару.	Әңгімелесу «Туған жерім тамаша».

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер. _____
17.02 – 21.02.2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы III-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галимжанқызы
Дәйек сөз: «Өнерлі бала өрге жүзер»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.02.2025	Сейсенбі 18.02.2025	Сәрсенбі 19.02.2025	Бейсенбі 20.02.2025	Жұма 21.02.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Аллабердиев Сырымның ата-ата-анасымен жеке жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» туралы кеңес беру.	Әділ Ахмедиярдың ата-анасымен жеке жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» туралы кеңес беру.	Агилманов Дамирдің ата-анасымен жеке жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» туралы кеңес беру.	Бакетов Батырбектің ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыланыз» туралы кеңес беру.	Жангелді Айбардың ата-ата-анасымен жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері кімдер және олар қандай жұмыстармен айналысатыны туралы» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**

Сканировано с CamScanner

			(еңбек дағдылары)		
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу. 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны он қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының болек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. Ш.Садыханов	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)**	Менің арманымдағы мамандығым. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**

Сканировано с CamScanner

		(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** 1. «Күн мен түн» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. 2. «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. **2. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. «Киім үтіктейміз» Мақсаты: «Техника» түрлерімен және оның рөлімен таныстыру. Ойынның шарты: Балалар ойыншық тұрмыстық	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. «Техника және біз» Мақсаты: Кір жуатын машинамен таныстыру. Оның электр арқылы жұмыс жасайтынын бақылау. Қауіпсіздік шараларын еске салу. Ойынның шарты: Балаларға күнделікті қолданылатын техникалармен танысты ру. Кір жуатын машинаның атқаратын қызметі туралы әңгімелеу. 2. «Тында және суретін сал» Мақсаты: Балаларды топтық сурет салуда өз ойын ашық айтуға, өзін еркін ұсауға үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші тұрмыстық техникалардың бөліктерін атайды, ал балалар топ болып тұрмыстық техниканы толықтырып салады. **2. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Телефон» Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру, телефонмен сөйлесу мәдениетін үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші «сатушы», ал балалар «сатып алушы» болып сюжетті-рөлдік ойынын ойнайды. 2. «Ретімен орналастыр» (қауіпті және қауіпсіз заттар)	**1. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** «Не зат, не үшін керек?» Мақсаты: «Техника» түрлерімен және оның рөлімен таныстыру. Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының суретін көрсетіп, атын атайды екінші бала қажеттілі 2. «Не көрдің, не білдің?» Мақсаты: Тұрмыстық заттар мен топ бөлмесінің жиһаздары мен ойыншықтарды дұрыс қолдану ептіліктерін жетілдіру және салыстыруға үйрету. Шарты: Экскурсияда не көргендерің естеріне түсіріп айтып беру керек. Заттарды өз ара салыстырып беру керек. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1 «Зат неге ұқсайды?» Тәрбиеші сопақшаның бөлме ішіне жасырынып қалғанын айтады. Балалар бөлме ішінде сопақша пішіндегі заттарды атайды. 2. «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші шырша ойыншығын жасырады.	**1. Музыка** Логоритмикалық жаттығу: «Қыс» Музыкалық ырғақ қимыл: «Қандай техника» Мақсаты: қимыл арқылы әнді қимылмен орындауға үйрету. **2. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. «Фотограф» Мақсаты: Балалардың көру сезім мүшесін жаттықтыру, тұрмыстық техника заттарының атауларын анықтау. Ойынның шарты: Тәрбиеші бірнеше суреттерді көрсетеді, балалар бір сөзбен атайды. Сосын тәрбиеші ол заттарды жасырады, балалар есіне түсіріп қайтадан атауларын атайды. 2. «Не қайда орналасады?» Шарты:Суреттерге қарап, заттарды топқа бөлу және олардың жалпы атауларын атау. **3. Жапсыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Тұрмыстық техника ойыншықтары» Шарты: Алдымыздағы шынайы ойыншықтардың атын атаймыз және пайдасы мен қауіпсіздігін айта кетеміз. 2.«Тұрмыстық техникалық заттардың дыбысын тап» Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.	**1.Дене шынықтыру** **Дидактикалық ойын:** 1 «Бағдаршам және біз» Мақсаты: Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше,жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. 2. «Жұбын тап» Ойынның шарты:Берілген суреттердің жұбын табу,сызба арқылы. «Иә,жоқ» -ойыны Ойынның шарты: берілген сұрақтарға «Иә»,немесе «жоқ»-деп жауап беру. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1. «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде

Сканировано с CamScanner

	техникалардың көмегімен берілген ұсақ киімдерді үтіктейді. 2. «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Ойынның шарты: Тәрбиеші бірнеше сөйлемдерді айтады. Балалар мұқият тыңдап, сөйлемді суреттердің көмегімен толықтырады. Мен кілемнің шаңын ... тазартамын *(шаңсорғышпен)* Мен киімдерді ... жуамын *(кір жуатын машинамен)* Мен мультфильмді ... көремін *(теледидардан)* Мен киімдерді ... үтіктеймін *(үтікпен)* Мен азық-түлікті ... сақтаймын *(тоңазытқышта)* **3. Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын: -** 1.«Қай зат артық?» Мақсаты: Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Ойынның шарты: Тұрмыстық техника суреттерінен атқаратын қызметіне қарай кай зат артық екенін көрсетеді. **2.** «Телефон» Мақсаты:Қатты қағаздан жасалған телефон пішініне реттік сандарын әр түспен жапсыру. Түстерді атау, пішіндерін ажырату, сөздік қорын байыту. - Балалар келесі тұрған не	О[illegible]ының шарты: Алдымен балаларға карточкалар таратылады. Бірінші қатарға қауіпті заттарды, ал екінші қатарға қауіпсіз заттарды орналастыру. **3.Дене шынықтыру** 1. «Ұшты - ұшты» Мақсаты: Неғің ұшатының, неғің ұшпайтының, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынның мазмұны: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. 2. «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.	Балалар кай ойынш[illegible]ың жоқ екенін табады. Содан соң тәрбиеші екі ойыншықты алып тастайды, үшінші рет ойыншықтар алынбайды, орындары ауыстырылады.Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. 2. «Өз түсіңді тап!»- Мақсаты: балаларды мұқият болуға, түстерді ажырата білуге үйретеді.		болатынын айтады. 2. «Адасқан цифрлар» Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Не зат,не үшін керек?»ойынын ойнайық. Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды екінші бала қажеттілігін айтады. 2 . «Кімнің құралы?» Мақсаты: Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Құралдар: балабақша қызметкерлерінің жұмысына арналған құралдар Шарты: Балалардың алдында кескінді ұсақ суреттер жатады.

Сканировано с CamScanner

	екен? - Теледидар, өте дұрыс. - Теледидарды тамашалағанды сендер жақсы көресіңдер ме? **4. Музыка** Логоритмикалық жаттығу: «Қыс» Мақсаты: берілген суретке әңгімелеу. Музыкалық ырғақ қимыл: «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мұқият орындауға үйрету.				
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Сканировано с CamScanner

Серуен	Маусымдық өзгерістерді бақылау ***Мақсаты:*** — Табигат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; — Қыс аяғындағы табигат көріністерін (су тамшылары, кардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. — Өлең жолдарындағы қыс көріністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. ***Бақылау барысы*** Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табигатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік карлар аласара бастайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: - Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар • Қыста неше ай бар? • Қыс айларын ата? • Қыстың ең соңғы айы қай ай? • Ақпан айында табигатта қандай өзгерістер болады? • Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? **Зерттеу жұмысы:**	**Түйін ағашын бақылау** **Мақсаты:** - Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; - Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші әңгімелейді:** Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті ністі ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген. Ауыл маңы терек, Терек егу керек. Әсем биік теректер, Балаларды өбектер. ♦ Теректер қайда көбірек өседі? *(қалада.)* ♦ Қалада тағы баска қандай ағаштар өседі ♦ Ағаштар қалада не үшін керек? *(ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына*	**Күн мен түн неге ң, ауысады?** ***Мақсаты:*** Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру. ***Бақылау барысы*** ***Балаларға жұмбақ жасыру*** 1. *Үлкен алтын табақтан,* *Әлемге нұр тарапған. (күн)* 2. *Жартысы жадыратып нұр себеді,* *Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн)* 3. *Орақ болып туады,* *Табақ болып тынады (ай)* 4. *Күндіз білінбейді,* *Түнде дірілдейді (жұлдыз)* Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге карамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге караған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған	**Қарды бақылау** ***Мақсаты:*** Қыс аяғында карда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру ***Бақылау барысы*** ***Коркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев*** *Қысым-ақ, қысым-ақ,* *Жібердің қысып-ақ.* *Қалмаспыз біз деген,* *Боранға ұшырап.* *Атақ қар жауа бер,* *Риза гой саған ел.* *Боратты-ау бораным,* *Қайратын қарай кор.* *Біз батыл баламыз,* *Жылы үй, қорамыз.* *Ақ ұлпа қарыңнан,* *Аққала соғамыз.* *Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап еріді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жатырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.* **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ қыс айларын атаңдар? ♦ кар бетінде пайда болған	**Ауладағы ағаштарды бақылау** ***Мақсаты :*** — Ағаштар туралы білімдерін молайту; — Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру ***Бақылау барысы*** ***Коркем сөз «Қыс»*** ***Р.Сәбитұлы*** *Қар жамылды бақтарым* *Қыратым да, сайым да.* *Тағыпты қыс ақ қарын,* *Үкі етін қайыңға.* *Бүркеніп ақ желекті,* *Жарқыратйды маңайым.* *Ойға шомып теректің,* *Ақ шалыпты самайын.* **Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.** ♦ Ағаштардың жазгы бейнесі кандай еді?? ♦ Күзде кандай болды? ♦ Қазіргі бейнесі кандай? ♦ Кімнің есінде, агаштар жапырағын неге түсіреді? ♦ Айналадағы агаштар бейнесі кандай? **Зерттеу жұмысы:** Алма агашы мен қайың агашының қысқы тұркын салыстыру **Еңбек:** Жолды кардан тазалау. *Мақсаты:* Аула караушыға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» *Мақсаты: Дога астынан еңбектеп өту дагдыларын жетілдіру.* **Жаттығу ойындары:** Секіру

Сканировано с CamScanner

	Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру **Еңбек:** Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу *Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Төбешіктен-төбешікке». *Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру* **Жаттығу ойындары:** «Кім жылдам». *Мақсаты:-* Жылдам жүгіруге жаттықтыру; — Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. **Халық болжамы:** Мұзсүнгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.	*сіңіріп, таза суды төменнен шығарады)* ♦ Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? *(күз соңында.)* ♦ *Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)* **Зерттеу жұмысы:** Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдырып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.) **Еңбек:** Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. *Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Бәйге» *Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша жүгіруге үйрету* **Жаттығу ойындары:** Бір аяқпен секіру *Мақсаты: Жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру.* **Мақал-мәтел:** Бір тал кессең, он тал ек. **Тыйым сөздер:** Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға құраған ағашты пайдалану керек.	сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. **Балаларға сұрақтар.** ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)* ♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, сондықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)* **Зерттеу жұмысы:** Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). **Еңбек:** Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. *Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Күн мен түн». *Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру..*	жұқа қабықша қалай аталады? ♦ қарқатқақ қалай пайда болады? **Зерттеу жұмысы:**Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? **Еңбек:** Сырғанаққа су себу *Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.* **Қимылды ойын:** «Екі аяқ». *Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.* **Жаттығу ойындары:** «Кім алысқа секіреді?». *Мақсаты: Белгіленгінен жерге дейін екі аяқпен секіру.* ***Халық болжамы:*** *Қар көп болса, нан мол болады.*	*Мақсаты: Орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру* **Халық болжамы.** Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұркасын боран болады.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.				

Сканировано с CamScanner

	Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты тегіндей шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю *Көркем сөз* Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі Шомылсаң , қанасың Жуынсаң, тазасың *Сақ-жастұр. Жолда,* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының болек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру Көркем сөз Әдемі ірек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - таска секіріп, Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы аска отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Мекжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су Малдыр суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің мандайың Тазалықтың досы, Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны Мақсат-міндеттер балалардың "маманлық" ұғымын қалыптастыру, диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру, жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Етікшінің жаңа қос етігі". Мақсат-міндеттер. балалардың қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қонышына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Аспаздың кесу тақталары". Мақсат-міндеттер балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру, геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру **Қоршаған ортамен**	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Абзал жан - дәрігер". Мақсат-міндеттер қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Мен дәрігер боламын" Мақсат-міндеттер балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)" Мақсат-міндеттер балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту, жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру

Сканировано с CamScanner

	болмесын етістік туралы ұғымдар қалыптастыру **Вариативті компонент. Құрастыру** "Бағдаршам" Мақсат-міндеттер балаларды зеро құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету, жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту, көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу, бағдаршам және оның шығу тарихы, құрылымы жайлы ақпарат беру.	**Ұлттық ойын «Аударыспақ»** «Аударыспақ» – өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен тараған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру)**	**танысудан ойын-жаттығу** "Мамандықтың бәрі жақсы" Мақсат-міндеттер балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету	**...м шығармашылыққа баулу** және жатқа айтқызу, сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру **Қимылды ойын. Допты ұстап алу** Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады. Ойын ережесі: балалар допты бір-біріне берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушінің шеңбер ішіне кіруіне тыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұрған балаға ғана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі. **(дене шынықтыру)**	**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, инсанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады, экологиялық паспорттарды зерттейді, экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы), экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді, фотоға түсумен аяқталсу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге

Сканировано с CamScanner

	1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас? 4. Олардың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін тану. **Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. **Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. **(дене шынықтыру)**	3. Ол қарды к[illegible]й жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? *Көркем сөз.* Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұратын Пойызды біз құрайық. **Қимылды ойын. «Аншы мен қоян». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу. **Еңбек:** гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру. **Жеке жұмыс:** шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүру. **Жорамал.** Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.	шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу. *Көркем сөз.* Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардан таулар Көлеңкесін көреді. **Қимылды ойын. «Біз көнілді баламыз». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру. **Жеке жұмыс.** Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз. Жұмбақтар. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Аузы жоқ ұлиды. (боран) Мәтел. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.	сы[illegible]нақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. **Еңбек.** Аққала жасау. Мақсат-міндеттер: кармен жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс:** өз қиялдарымен әңгіме құрату. *Жұмбақ.* Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. *Мақал.* Мезгіл жетсе, мұз да ериді.	шақтармысың?! **Қимылды ойын. «Үшінші артық».** Мақсаты: шапшандыққа баулу. **Еңбек.** Ауланы кардан тазалау. Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету. *Көркем сөз* Ағашта бипк, Бір құсты көрдік. Сайрайды сол құс, Сайрайды талмай. Кө-кек, кө-кек, Аты оның содан, Атанған кө-кек. Ән орындау. **Қимылды ойын:** денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау. *Жаңылпаштар:* Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының				

Сканировано с CamScanner

	бөлек екенін дәлелдейтін халықтың ... ит - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**«Дүкенші».** Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды. Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Артикуляциялық жаттығу** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және калыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. өс-өс-өс Жігіт болып өс. Үстанын құралы тос. қа-қа-қа Менде үлкен сақа. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**	**«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Тақпақ жаттау** Монтер агай Агай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп. Тарам-тарам жолымен Жүгіреді ток келіп. Көшеде, үйде, кенседе Жүреді агай шам жағып. Түн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жап-жарық. Мұзафар Әлімбаев **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші».** Мақсат-міндеттер: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір-бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Тақпақ жаттау** **Шахтер** Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір қазып жүреді, Соргалатып тер ашы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін суынып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылылық. С.Мәуленов **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**«Біз құрылысшымыз».** Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру. **(құрастыру)** **«Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**	**«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Санамақ** Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Таңдайықшы түс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоңыр қоңыз, Мына саным-он, Қыста киім тон. **(сөйлеуді дамыту)**
Балалардың үйіне қайтуы	Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар».	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?»

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер:
24.02 – 28.02.2025 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы IV-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галымжанқызы
Дәйек сөз: « Жаңашылдық-заман талабы»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.02.2025	Сейсенбі 25.02.2025	Сәрсенбі 26.02.2025	Бейсенбі 27.02.2025	Жұма 28.02.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әбілқайыр Айарудың анасымен жеке жұмыс: «Баланың ойын дамыту» туралы кеңес беру.	Тұрғанбай Муслимнің анасымен жеке жұмыс: «Бала үшін балабақша қажет пе?» туралы кеңес беру.	Жексенбай Амирханның анасымен жеке жұмыс: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру" туралы кеңес беру.	Аллабердиев Сырымның анасымен жеке жұмыс: «Баланың кателік жіберуге құқығы ар екенін айтыңыз» туралы кеңес беру.	Бакетов Батырбектің анасымен жеке жұмыс: «Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** Педагог:				

Сканировано с CamScanner

	- Балалар, катарда түзу тұрамыз Енді мениме[illegible]рге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы до[illegible]рыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып. дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу, 4 - бастапқы қалыпқа келу Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аягымен секіру, бұрылып, екі аягымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." **(дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. *Сәт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Техника және біз" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**	Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**	Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**	Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**	Жиһаздар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)**
Ұйымдастырылға	**1.Дене шынықтыру**	**1. Сөйлеуді дамыту**	**1. Көркем әдебиет**	**1. Музыка**	**1.Дене шынықтыру**

Сканировано с CamScanner

| ан
іс-әрекет | **Қимылдық ойын:**
1.«Ұйқыдағы аю»
Мақсаты: Балаларды мұқияттылыққа, шапшаңдыққа баулиды.

2.«Қасқырға қақпан»
Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығынарттыр. Жүгіру, секіру жылдамдықтарын нығайту.

2. Сөйлеуді дамыту
Дидактикалық ойын:
1.«Киім мен аяқ киімдері» ойыны.
Мақсаты: Суреттер бойынша киімдері атап шық.

2. «Аяқ киім».
Мақсаты: Аяқ киімнің түрлерімен таныстыру, сөздерді байыту және сөздердің сандық қорын толтыру; Қиял, ойлау, сөзжасамдық дағдыларды дамыту.

3. Қазақ тілі
Дидактикалық ойын:
1. «Тақырып бойынша аяқ киім түрлерімен анықтау».
Мақсаты:Балалар бұрылыстар нақты кәсіби қызмет үшін қажетті қап элементтердің (асығыс, жүн, монеталар, тарақ, ысқырық, мензер, бояулар, жіптер, балға, т.б.).

2. «Бұл қандай аяқ кімнің түрі?»
Мақсаты: адамды өзінің кәсіби қызметімен байланыстыру қабілетін дамыту; Еңбекті құрметті | **Дидактикалық ойын:**
1. «Бұл қандай аяқ киім».
Мақсаты: Аяқ киім түрлерімен таныстыру қалыптастырыңыз, жұмысын құрметтеу, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, қабылдау, қабылдауды дамыту.

2.«Кім жылдам»
Ойынның шарты:Екі бала ортаға шығып жемпірлерінің түймесін түймейлеп жарысады ,кім бірінші түймейлесе сол жеңімпаз болады.

2. Қоршаған ортамен танысу
Дидактикалық ойын:
1. «Сыңарын тап»
Осы киімдерге байланысты кім жұмбақтар, тақпақтар, санамақтар, тиым сөздер біледі.

2. «Бұл не»
Мақсаты: Аяқ киім түрлерімен таныстыру байланыстыру қабілетін дамыту; Еңбекті құрметті құрметтеме.

3.Дене шынықтыру
1.Допты аяғыңызбен жаншыңыз.Екеуі ойнап жатыр. Үш шар сол аяғына байланған. Мақсаты: қарсыластың допторын ұсақтап, өзіндікін қорға. Кем дегенде бір допқа ие болған жеңімпаз болады.

2. «Кімнің тобы тез жиналады?».Ойын ережелерінің сақталуын қадағалау. | **Дидактикалық ойын:**
1. «Қандай аяқ киім түрлерімен туралы сөйлесіңіз».
Мақсаты: балаларды жабайы аңдармен таныстыру, балалар идеяларының ересектері туралы диагностикасы.

2.«Аяқ киім».
Мақсаты: Тәрбиеші балаларды кез-келген уақытта тақырыптың суретін суретке түсіруге шақырады - оның нәтижесі. Суретке түсіру, балалар бұл не болуы керек және адам осы ұнататын іс-әрекеті (суреттер: көйлек, үй, бәліш, фотосурет және т.б.).

2. Математика негіздері
Дидактикалық ойын: 1.«Кім жылдам құрастырады?»
Мақсаты: пішіндерді қайталау, логикасын дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер, үлгі суреттер.
Ойын барысы: Балаларға пішіндер беріледі. Балалар үлгідегі суретке қарап өздігінен өрнек құрастырады.

2.«Керісінше айт» (жылдам-баяу)
Мақсаты: Балаларды қарсы мағыналы сөздерді тауып айтуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер
Ойын барысы: Балаларға бір сөз айтылады, балалар сол сөздің мағынасына қарама-қарсы сөзді айтады. Ұзын-қыска, жылдам-баяу, үлкен- | **Дидактикалық ойын:**
1. **Логоритмикалық жаттығу:** «Қыс»
Мақсаты: жаттығуларды бірге қайталауға үйрету.

2.Музыкалық ырғақ қимыл: «Көңілді полька»
Тапсырманы бірге орындау

2. Көркем әдебиет
Дидактикалық ойын:
1. Мазмұнды рольді ойын: «Сәнгерлер»
Шарты:Балалар қыстық киімдер киіп мода көрсетеді

2.«Бұл қандай аяқ киімнің түрі».
Мақсаты:балаларды аяқ киім түрлерімен таныстыру және сөздерді байыту. | **Дидакикалық ойын:**
1. Допты тордан асыра лақтыру.
.Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру.Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту.

2.«Тапқыш»
Бір бала құс-жануарлардың қимылын көрсетеді , ал балалар оны табады.

2. Математика негіздері
Дидактикалық ойын:
1. «Қай ойыншық жетпей тұр?»
Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншықтардың суреттері
Ойын барысы: Балаларға ойыншықтардың көп суреттері беріледі. 1 мин ішінде балалар мұқият қарайды, уақыт өткеннен соң балалар көздерін жұмады, педагог бір немесе бірнеше суретті алып тастайды. 1,2,3 дегенде балалар көздерін ашып қай ойыншық жетпей тұрғанын айтады.

2.«Кім бірінші атайды?
Мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары әртүрлі суреттер.
Ойынның барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді |

Сканировано с CamScanner

	құрметтеме. **4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Қыс» Мақсаты: жаттығуларды бірге қайталауға үйрету. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Аяқпенен топ топ топ» Мақсаты: тәрбиешімен бірге үимылдарды орындау, әуенді тыңдау.		кішкентай т.б. **3. Дене шынықтыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Үшінші артық» Мақсаты:Балаларды мұқияттылыққа, шапшаңдыққа баулиды. **2. «Күн мен түн».** Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығынарттыру.Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту. **3. Мүсіндеу** **Дидактикалық ойын:** 1.«Аяқ киім». Мақсаты: балалардың аяқ киім түрлер білімдерін кенейту. бойынша бөлу идеясын қалыптастыру. 2. «Кімнің тобы тез жиналады?».Ойын ережелерінің сақталуын қадағалау.		Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды. Мысалы: үш сары түсті банан, бес жасыл түсті алмұрт. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Сөздерді атаңыз - әрекеттер» Мақсаты: Аяқ киім түрлері деп атаймын, ал балалар сөздерді айтады - бұл жануар осы жасаған іс-әрекеттер «Бұл заттарды кімге мұқтаж». Таразылар, тауарлар, есептегіш (сатушы үшін). Қайшылар, маталар, тігін машинасы (колмен). Хистер, кәстрөл, өнімдер (аспаз үшін). Шиналар, автобус, руль дөңгелегі (Шауффер үшін) Шприц, жүн, таңғыш (дәрігер үшін). Кірпіш, цемент, қақпашы (құрылысшы үшін). Бояу, щетка, шелек (безгек үшін). 2. «Бұл қандай аяқ киімнің түрі?» Мақсаты: Аяқ киімнің түрлерін туралы білімді жүйелеу; Олардың немен коректенетін туралы.
2-таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Сканировано с CamScanner

Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау** *Мақсаты:* — Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрылысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, — Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады** Бұл неткен күшті тазалаушы елі, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. ♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан) ♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) ♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) ♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа	**Қарды бақылау** *Мақсаты:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру *Бақылау барысы* *Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев* *Қысым-ақ, қысым-ақ,* *Жібердің қысып-ақ.* *Қалмаспыз біз деген,* *Боранға ұшырап.* *Аппақ қар жауа бер,* *Риза ғой саған ел.* *Боратты-ау бораным,* *Қайратың қарай көр.* *Біз батыл баламыз,* *Жылы үй, қорамыз.* *Ақ ұлпа қарыңнан,* *Аққала соғамыз.* *Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап еріді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің*	**Желді бақылау** *Мақсаты:* — Өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — Табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. *Бақылау барысы* **Үйықсыма жел** Ө. Ақылбекұлы Ұбырып-шұбырып, Үйіткиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Үйіткып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. **Балаға сұрақтар** ♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* ♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран, үскірік)* ♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен) ♦ Жел қалай пайда болады? ♦ *Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.* **Еңбек:**	**Бұлттарды бақылау** *Мақсаты:* — Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; — Аспан әлеміінің әсемдігін қабылдауларын дамыту **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:** Етек жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын, Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жанбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. **Балаларға сұрақтар.** ♦ Бұлттар қандай болады? ♦ Олар қайдан пайда	**Ауладағы ағаштарды бақылау** *Мақсаты :* — Ағаштар туралы білімдерін молайту, — Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру *Бақылау барысы* *Көркем сөз «Қыс»* *Р.Сәбитұлы* *Қар жамылды бақтарым* *Қыратым да, сайым да.* *Тағыпты қыс ақ қарын,* *Үкі етіп қайыңға.* *Бүркенін ақ желекті,* *Жарқырайды маңайым.* *Ойға шомып теректің,* *Ақ шағыпты самайын.* **Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.** ♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? ♦ Күзде қандай болды? ♦ Қазіргі бейнесі қандай? ♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? ♦ Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? **Зерттеу жұмысы:** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек:** Жолды қардан тазалау. *Мақсаты:* Аула қараушыға көмектесу.

Сканировано с CamScanner

	лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алыска лақтырады) ♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) ♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) **Зерттеу жұмысы:** Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру **Еңбек:** Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру *Мақсаты:* — Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; — Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Аңшылар мен аңдар» *Мақсаты:* — Қозғалыс дағдыларын бекіту; — Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. **Жаттығу ойындары:** «Көпірден өт». *Мақсаты:* Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру **Халық болжамы:** Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады.	*отпен түяқтарымен қарды теуіп оңды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде түяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.* **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ қыс айларын атаңдар? ♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? ♦ қарқатқақ қалай пайда болады? **Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? **Еңбек:** Сырғанаққа су себу *Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.* **Қимылды ойын:** «Екі аяз». *Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.* **Жаттығу ойындары:** «Кім алыска секіреді?». *Мақсаты: Белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.* *Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.*	Жолдарды, орындық[illegible]ды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. *Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан». *Мақсаты:* — Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; — Әр бағытта жүгіруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты:* Қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін елсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу **Халық болжамы:** Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады	болады? ♦ Бұлттар нелерге ұқсайды? **Зерттеу жұмысы:** Аспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. **Еңбек:** Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.* **Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей». *Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.* **Жаттығу ойындары:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* — Сырғанауға үйрету; — Сырғанау кезінде отыруға үйрету. **Мақал-мәтел:** Мезгіл жетсе мұз ерір.	**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» *Мақсаты: Дода астынан еңбектен оту дағдыларын жетілдіру.* **Жаттығу ойындары:** Секіру *Мақсаты: Орында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру* **Халық болжамы.** Ит карга аунаса, қарлы боран болады. Мысық кабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы,			

Сканировано с CamScanner

	Су дегенің осы. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабыргалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қоргайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Микробтар қасқүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Әдемі көйлек киген Дана". Мақсат-міндеттер: балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру. **Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".** Мақсат-міндеттер: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш" Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін тиянақтау. **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Тостаганды әшекейлейміз". Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бұру арқылы, бұрыштарын кесіп алып, тостаган қимаүлгісін қағаздың тең ортасына, көлденең орналастырып жапсыруды, тостаганның тең ортасына сол	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттер: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатка айтуга үйрету. **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Театр". Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор,	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] дыбыстары". Мақсат-міндеттер: Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдауп, атауга үйрету.	**Қоршаган ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қазақстан қалалары" Мақсат-міндеттер: балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің қалаларын жатка білуге үйрету. **Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"** Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кенейту. Жер пейзаждарының сұлулығын

Сканировано с CamScanner

	мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар және жапсырмалар (қатты қағазбен, пластиктан), шаштаразшы, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын; перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлем жасайтын жетондар мен карточкалар. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында жұмыс жасайтын шаштаразшы, маникюр мен педикюр шебері, бет әрлеуші жайлы әңгімелеседі, суреттермен танысады. Балалар кай маман, қандай құралдарды пайдаланатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында жұмыс жасайтын жұмысшылардың рөлін өзара бөлісіп алады; мамандар өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады; қалған балалар тұтынушы болады. Педагог мамандарға өз орындарын қалай дайындау керектігін түсіндіреді, ал тұтынушыларға өз қалауларын сөзбен немесе журнал бетінде бейнеленген сурет арқылы дұрыс жеткізу керектігін айтады.	жақ.ын оңға қарай "қошқар мүйіз" оюларын жапсыруды үйрету. **Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".** Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б Барысы. Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	суретші, лицензиялық мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Мұхитарал (океанариум)". Мақсат-міндеттер: балалардың мұхитаралдағы балықтар туралы түсініктерін кенейту. **Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кенейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы);	көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кенейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**

Сканировано с CamScanner

	Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**		Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	Экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен аяқталысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	
Балалармен жеке жұмыс	Батырбек пен Айару **Дидактикалық ойын «Артық затты тап».** Мақсат-міндеттер: үй жиһаздарын басқа заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға үй жиһаздарымен қатар басқа да заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған затты атайды. Педагог жиһазға жатпайтын затты алып тастағанын айтады. **(коршаған ортамен танысу)**	Жангелді Айбар **«Луллий шеңбері» ойыны.** Балалар заттар мен заттардың түстерін сәйкестендіреді. Сол заттарды сипаттайды. Мысалы, теледидар - сұр түсті. Педагог балаларға теледидар жайлы ақпарат береді. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	Дамир мен Ахмединяр **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.** Бәрін байқау (елеу). Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 сек., ашып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайталап 8-10 сек., ашып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 сек., көрсетіңіз. Балалардан	Азамат пен Сырым **Театрды сахналау.** "Қантар мен Ақпан" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)** **"Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.** Педагог балалардың тапқан суреттерін тақтаға ілуді ұсынады. Барысы: Бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады. - Бұл не? Бұл - үтік. - Үтікпен не істейміз? Оны алдымен тоқа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен	Муслим мен Акәділ **Демалу гимнастикасы.** Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсынады. Әр бала өздеріне ұнаған таякшага ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды Қане, қане, балалар, (балалар тұрады) Шаршағанда ырғалып, (тербеліп тұрады) Гүлге ұқсап демалам. (отырады) Жұпар иісін бір иіскеп, (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады) Гүлдей болып жайқалам. (қолдарын жоғары көтереді)

Сканировано с CamScanner

			кандай заттардың ері. ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз. **(қоршаған ортамен танысу)**	балаларға қолдануға болмайды. - Неге? Үтік кауіпті, онымен қолымызды күйдіріп аламыз. Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады. Педагог ойын кезінде балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады. - Осы заттардың барлығын тұрмыстық техника деп атаймыз. Техникаларды ойлап шығаратын адамдар, сондықтан үлкендердің еңбегіне құрметпен қарандар. - Бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда. - Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді. Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек. Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: - Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды. - Балаларға ересектерсіз электр тоқтарын ұстауға болмайды. - Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. **(қоршаған ортамен**	Балалар 2 рет қайталайды. (дене шынықтыру)

Сканировано с CamScanner

			Танысу)		
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Серуен	**Қыстың негізгі белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Көркем сөз. Аппақ, аппақ, ақшақар Бірін ұстап алайын ... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын. «Аяз». Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып кою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру. Жорамал. Түтін будақтап шықса, аяз болады.	**Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру? Тапсырма: «Сүңгі мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар. 1. Өзендегі суға не болды? 2. Су неге катты? 3. Өзеннен нені көруге болады? 4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады? *Көркем сөз.* Тез қарасын батырды, Қар жаңбырлы сықыр бұлт. Жел көк мұзды қатырды, Жердің бетін типыл гып. Балалардың берген жауабын қорытындылау. Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту. **Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.	**Қардың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. *Көркем сөз.* Аққала. Аула сыртын бақа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. **Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. **Еңбек:** қарды күреу. **Жеке жұмыс:** қарды жұмырлап, қатты қысу. *Жұмбақтар.* Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. *Мақал.* Сыртта тау болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады.	**Қардың түсін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсі туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер. Жұмыска жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту.	**Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау. Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу. *Тапсырма.* «Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жага отырып, түсін келтіруге үйрету. *Көркем сөз.* Бүрсең қағып жапырақтар, Көше кезіп көшіп жатыр. Тыныш қалған атыраптар, Аппақ карға тосып жатыр. **Қимылды ойындар. «Соқыр теке».** Мақсат-міндеттер: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу.

Сканировано с CamScanner

		Жеке жұмыс: денені тепе-теңдікте ұстап, мұз үстімен сырғанай білу. **(дене шынықтыру)** *Жұмбақтар.* Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз)			**Еңбек:** катқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: аланшала тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау. **Жеке жұмыс.** «Кім алыска лақтырады?» Қар түйіршіктерін алыска лақтыруға жаттықтыру. *Жорамалдар.* 1. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. 2. Қыста қар мол болса, жазда жаңбыр мол болады. 3. Ағашка қырау түрса, күн жылы болады.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін кадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханага барғаннан кейін, ластанған кезде колды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс колдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке карап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.	**«Көңіл-күйді анықтау»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне карап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.	**Текшелермен ойын.** Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, баганға қалауға ынталандыру. Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше. Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. **(құрастыру)**	**«Қызықты лото».** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін дамыту. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы	**"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу

Сканировано с CamScanner

	Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, кияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)**	Балалар жұп болып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріне қарап, бір-біріңнің қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.	**"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**
Балалардың үйіне қайтуы	«Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру.	Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар».	«Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер» қабырға газеті.	Жаднама «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады».

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер:
03.03 – 07.03.2025 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтобе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы I-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галимжанқызы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.03.2025	Сейсенбі 04.03.2025	Сәрсенбі 05.03.2025	Бейсенбі 06.03.2025	Жұма 07.03.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Аділ Ахмединдің ата- ата-анасымен жеке жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» туралы кеңес беру.	Маратов Азаматтың ата-анасымен жеке жұмыс: «Ұлттық ойындар» туралы кеңес беру.	Бакетов Батырбектің ата-анасымен жеке жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» туралы кеңес беру.	Жангелди Абардын ата-аналарымен жеке жұмыс: «Ұлттық киімдер» туралы кеңес беру.	Аллабердиев Сырымны ната-анасымен жеке жұмыс: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде далдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**
Таңертенгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде 1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу. 1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады;				

Сканировано с CamScanner

	1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді; 2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде 3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді; 3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа). 4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)		**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Торғай ұшып келді". Мақсат-міндеттер: балалардың ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығы деталдерімен толықтыру білігін арттыру. **Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Көктем туралы тақпақты жаттау". Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру. **Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"** Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, құршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жаттығулар немесе түскі ұйқы алдындағы	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Тамшыларды қалай санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды есту қабілетін дамыту, жаттығуларды ырғақты қимылдармен сәйкестендіру, ырғақты қимылдарды орындау кезінде өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру. **Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма, әртүрлі театр түрлері, афишалар, билеттер, бағдарлама, костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі, әртістердің спектакльге дайындығы; театр	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Көктем белгісі - бойшешек" Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларын ескіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бойшешек гүлінің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету. **Сюжетті-рөлдік ойын"Пиццерия".** Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, мыс-алақ жинтығы; подноса; ас мәзірі, скатерти, орамалдар, майлықтар; азық-түлік жинықтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау;

Сканировано с CamScanner

			гигиналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	...меткерлерінің сахнаны ...ылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс		Жексенбай Амирхан **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)**	Айару мен Батырбек **Саусақ жаттығулары** Көтеріліп шаңырақ, (шеңбер құрады) Ұықтары шаншылар. (қолдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды) Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрек айналып (шеңбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. **(сөйлеуді дамыту)**	Жанғелді Айбар **Дидактикалық ойын.** **"Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. **(сурет салу)**	Аллабердиев Сырым **«Мозаика».** Мақсат-міндеттер. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы. Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап атайды, одан геометриялық пішіндер, үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен		**Ауа райын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Тырсылдап түседі, Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғәйып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) Тақпақ. «Жаз келеді». Үйін тіккен жасылдан, Үсті-басы асыл дән. Жаз келеді жайраңдап, Жарық жүзі-сайран бақ **Бақылау.** Ауа райының	**Аулада тазартушының еңбегін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Тақпақ. Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақытсың, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Бақылау.** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру.	**Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек). (коршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Ақ көйлекті, көк желек, Орманда оры бір бөлек. Әнінің аты дееді, Сызды жерде өседі. (Қайың) **Бақылау.** Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діңдерін салыстыру. Ағашты	**Тамшыны бақылау. (коршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Мұрны жоқ шымшық, Мұз тесер (Тамшы) Бақылау. Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатын «күн қыздырады», «төбеде қар еріді» деген түсініктермен таныстыру. **Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене шынықтыру)**

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер: _____
17.03– 21.03.2025 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Психикалық дамуында тежелуі бар «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы III-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галимжанқызы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.03.2025	Сейсенбі 18.03.2025	Сәрсенбі 19.03.2025	Бейсенбі 20.03.2025	Жұма 21.03.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	ӘділАхмедияр, Аллабердиев Сырымның ата-аналарымен жеке жұмыс: «Наурыз қалай тойланады» туралы кеңес беру.	Айбардың,Дамирдің,Батырбектің ата-аналарымен жеке жұмыс: «Ұлттық ойындар» туралы кеңес беру.	Батырбектің,Амирханның ата-аналарымен жеке жұмыс: «Ұлттық ойындар» туралы кеңес беру.	Тұрғанбай Муслимнің ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың кәтелік жіберуге құқығы ар екенін айтыңыз» туралы кеңес беру.	
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету.. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде 1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу. 1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).				

Сканировано с CamScanner

	2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді; 2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде 3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді; 3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (он және сол жакка). 4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, колды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Шаттық шеңбер** Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем. **(сөйлеуді дамыту)**	**Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. **(сөйлеуді дамыту)**	**Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. **(сөйлеуді дамыту)**	"Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)**	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** **Қимылдық ойын:** 1.« Қол күрес» Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, үстел үстіне отырады.. Олар бас	**1. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Наурыз мерекесі» Мақсаты: жаттығуларды бірге қайталауға үйрету.	**1.Дене шынықтыру** **Дидакикалық ойын:** 1. «Еттілік» Ойын шарты: Екі оқушы допты аяқтарының арасынан түсірмей бір – біріне беру	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. «Кім шапшаң?» Шарты: Ертегіден үзінді оқылады. Ертегінің атын табу және жалғастырып айту. 2.«Боялған заттан ертегі	

Сканировано с CamScanner

	бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек. 2. «Күш сынаспақ» Шарты: Екі бала білек күшін сынасады. Шынтақты үстелге тіреп қойып күш сынасады **2. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1.«Аударыспақ» Екі бала арқаларын беріп қолын айқастырып тұрады,кім бірінші көтеріп алса сол жеңіске жетеді 2. Орамал тастама Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді.Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді:Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек **3. Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** 1. «Ақсүйек» ойыны. Бұл кезеңде слайдтан суреттер көрсетіледі.Балалар сол суретке қарап қазақтың қай салт-дәстүрі екенін анықтайды.Бірінші әр топтан екі бала шығып ақсүйекті алуы керек.Ақсүйекті бірінші алған бала сұраққа жауап береді. 2. «Орамалды қағып ал, сөз жалғасын тауып айт» 1 Ұлыс оң болсын,...ақ мол болсын.	**Музыкалы[illegible]рғақ қимыл:** «Аяқпенен топ топ топ» Мақсаты: тәрбиешімен бірге қимылдарды орындау, әуенді тыңдау. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1. «Қайсысы артық?» Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді. 2. «Біреу-көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын қайталау. Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. Теңге ілу. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. 2. «Секіртпемен секіру» Ойын шарты: Белгі бойынша кедергілер арасынан секіріп барып, секіріп қайтады. Ойыншы сөре сызығына секіріп жетіп екінші ойыншының қолына секіртпені береді. Ойын солай жалғаса	керек, қайтар жолда допты бастарының арасынан ұстап кедергілер арасымен келіп ойыншыларға тапсырады. 2.«Тапқыш» Бір бала құс-жануарлардың қимылын көрсетеді , ал балалар оны табады. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1. «Қайсысы артық?» Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді. 2. «Біреу-көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын қайталау. Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. Теңге ілу. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. 2. «Секіртпемен секіру» Ойын шарты: Белгі	[illegible]рсін» Мақсаты: таныс ертегі туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, елестету, ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту). Балалар ертегі кейіпкерінің тақырыбына сәйкес болжайды, онда кейіпкер ертегіде кездеседі. **2. Қоршаған ортамен танысу** **Дидактикалық ойын:** 1. «Бұл қай ертегі?» Шарты : Мен әр ертегіден бір сөйлемнен оқимын сендер бұл қай ертегіден екенін тауып тақтадан көрсетулерің керек. 2.«Кім артық? «Кім артық? Мақсаты: Ертегі және ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. **3.Дене шынықтыру** **Қимылдық ойын:** 1.«Бұл заттар үшін не қажет?» Мақсаты: Балалар шеңберде тұрып, допты лақтырып, тақырыпқа қонырау шалыныз. Доп бар бала бұл тақырыппен не істейтіндерін тез айтуы керек. 2. Қимылы аз ойын: «Кімде доп?» Мақсаты:табиғат құбылысына көңіл аудара біліп, күнге қуанып, түнге қимылды тоқтата білу керек	

Сканировано с CamScanner

	2.Ұлыс бақты болсын,….төрт түлік ақты болсын. Ұлыс береке берсін…..бәле жала жерге енсін. Бір тал кессең,…..он тал ек. **4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Наурыз мерекесі» Мақсаты: жаттығуларды бірге қайталауға үйрету. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Аяқпенен топ топ топ» Мақсаты: тәрбиешімен бірге қимылдарды орындау, әуенді тыңдау.	береді. Қай [illegible]анда бұрын келсе, жеңімпаз атанады.	бойынша кедергілер арасынан секіріп барып, секіріп қайтады. Ойыншы соңғы сызығына секіріп жетіп екінші ойыншының қолына секіртпені береді. Ойын солай жалғаса береді. Қай команда бұрын келсе, жеңімпаз атанады.		
2-таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Маусымдық өзгерістерді бақылау** ***Мақсаты:*** — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші:*** *Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.*	**Желдің дауысын бағдарлау** ***Мақсаты:*** Әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай?	**Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** *Әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай?	***Бұршақты бақылау*** ***Мақсаты:*** — «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; — Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру; — есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. *Бақылау барысы* *Көркем сөз «Бұршақ жауғанда» А. Мендібай* *Аспанды бұлт торлап,* *Күн кенет бұзылды.* *Жел тұрып, сап-салқын,* *Жауын иісі сезілді.* *Айнала тарсылдап,* *Ақ моншақ төгілді.* *Жер беті ағарып,* *Мұз болып көрінді.* *Моншақты ұстап ап,*	

Сканировано с CamScanner

	Жауған қарымен, *... құлар береді. (қыс)* *Үлкендер қарбалас,* *... дән себеді. (көктемде)* *Бақ пенен бақшаны,* *... баптап өсіреді. (жазда)* *Дихандар жемісін,* *... жинап береді. (күзде)* *Тәрбиеші сұрақтары:* *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?* *Қазір жылдың қай мезгілі?* *Көктемнің алдында қай мезгіл болды?* *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?* *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?* ***Зерттеу жұмысы:*** *Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)* **Еңбек:** Гүл егетін жерді тазалау. *Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». *Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.* **Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып биіктікке секіру. *Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.*	♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек:** Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Үйсіз қоян».	♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек:** Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Үйсіз қоян».	*...әрем кеп барады-* *Қолымда көп моншақ.* *Су болып ағады.* *Тәрбиешi әңгімесі: күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады.* **Зерттеу жұмысы.**Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме? **Еңбек:** Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету.* **Қимылды ойын:** «Ақ серек-көк серек». *Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу.* **Жаттығу ойыны** «Кім алда?». *Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүгіруге үйрету.*	

Сканировано с CamScanner

Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы	«Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	"Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру." **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Микробтар каскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы	**"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)**	**«Автомобильдер мен мысықтар» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу;	**«Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу;	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Тамшыларды қалай санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды естіп алып, жынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалыптастыру.	

Сканировано с CamScanner

басқа іс-әрекеттер)				**Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".** Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру.. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	
Балалармен жеке жұмыс	Амирхан. БатырбекюАйару **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)**	Жангелді Айбар **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. **(сурет салу)**	Муслим .Айбар.Сырым **"Көңілді сан" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. **(математика негіздері)**	Айару мен Батырбек **Саусақ жаттығулары** Көтеріліп шаңырақ, (шенбер құралы) Уықтары шаншылар. (колдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (колдарын жандарына созып, үлкен шенбер жасайды) Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып (шенбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. **(сөйлеуді дамыту)**	

Сканировано с CamScanner

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды үстануға тәрбиелеу. - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары:** "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.	**Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту	**Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде карапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және кол орамалды пайдалануды үйрету.				

Сканировано с CamScanner

	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**«Менің көңіл-күйім»** Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүтін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.	**"Алты бақан тебу" ролдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға алты бақан тебу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: кнізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**"Киіз басу" ролдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-ролдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	
Балалардың үйіне қайтуы	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар».	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар».	Психолог кеңесі. "Бала тілін қалай дамытамыз?"	

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Актөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетпелі) балабақшасы
Топ: Полиомиелит диагнозы анықталған бір «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспарлың құрылу кезеңі: апталық жоспар IV-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуллаева Динара Галымжановна
Дәйек сөз: «Патриотизмді жас халық жаны жан тәнімен түйсіну»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.03.2025	Сейсенбі 25.03.2025	Сәрсенбі 26.03.2025	Бейсенбі 27.03.2025	Жұма 28.03.2025
Балаларды қабылдау	«Күй құмбыр» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қалыпқа келтіруге пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін алу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Әбілхайыр Айарудың ата-анасымен жеке жұмыс «Жақсы іс әрекеті үшін сөгіс немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз» туралы кеңес беру	Тұрғанбай Мұсаевпен ата-анасымен жеке жұмыс «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру	Маратов Азаматтың ата-анасымен жеке жұмыс. «Баланы қоршаған ортамен танып білуге дағдыландыру» туралы кеңес беру	Жексембай Аминаның ата-аналарымен жеке жұмыс «Баланың берген жауабына шын және ынталандырып жауап беріңіз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (ойын қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)		**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көл жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұқыпылық, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс барысын алдында балаларға жұмыс алгоритмінің көмегін үйрету, ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіптілікті көре білуді дамыту, сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **(еңбек дағдылары)**	**"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерін орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз. **(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)** 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау. 1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау. 1 - 2 - оң жамбаска отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбаска қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүтілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою. 1-2 - бүтіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде. Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау). 1 - секіртпені алға қою, оң аятын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.				

Сканировано с CamScanner

	(дене шынықтыру)				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Біріп-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(көркем әдебиет)**	Дәрумендер жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекет		**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Су иссіз, дәмсіз»** Қолданылатын құралдар:бала басына су құйылған стакандар,бос стакандар. Мақсаты: судың қасиетін анықтау: түссіз, иссіз. Балалар суды ішіп және иіскеп көреді. 2. **«Жер, су, ауа, от.»** Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. **2. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Суқұйғыштар»** Қолында кесе толы су мәредегі банканы суға толтырады. . **«Мұздақтарды ұстап ал»** Мақсаты : қозғалысын үйлестіру ді дамыту, су құрамымен танысу. **3.Дене шынықтыру** 1. «Пирамида құрастыру». Текшелерді залдың бір шетіне қояды,балалар екінші шетінде тұрып құрастыруларын қадағалайды.	**1. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. Су туралы өлең оқиды Егер үстің былғанса, Кім көмекке келеді? Тазалықты бәрінен, Анам жақсы көреді Су дегенің тіршілік, Өмір сүру іргілік. **2. «Жылы - суық» ойыны** Мақсаты: «жылы», «суық» ұғымдарын бекіту. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Кеңістікте бағдарлау. Кім қайда орналасқан?»** Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген қыз бен ұлдың қай жерде орналасқанын айтады. 2. **«Қайсысы артық?»**	**4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Жаңбыр» Мақсаты: берілген суретке әңгімелесу. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мұқият орындауға үйрету. **2. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** **1. «Мергендер»** Екі топ су тапаншасынан бір - біріне су шашады. 2. **«Кружкадан кружкаға немесе воронка арқылы су құю»** Мақсаты: судың - «құяды», «ылғалды», «құрғақ» қасиеттері туралы түсінік беру.	**1.Дене шынықтыру** **Дидактикалық ойын:** 1. **«Сүңгуір» ойыны** Мақсаты: тактильді сезімталдықты, визуалды қабылдауды, кеңістік ойлауды, ептілікті дамыту. 2. **«Кім жалаушаға дейін тез жетеді?.»** Мақсаты: -балаларды мұқият болуға, сөздеріне сай қимылдарды орындауға үйретеді. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын: 1. «Кім бірінші атайды?** Мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттер. Ойынның барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды. Мысалы: үш сары түсті

Сканировано с CamScanner

		Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығынарттыру.Жүгіру секіру жылдамдықтарын нығайту. **2. «Түйілген орамал».** *Мақсаты:* Ойынға деген қызығушылығынарттыру. Жүгіру секіру жылдамдықтарын нығайту.	Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді. **3. Дене шынықтыру** **1.«Төбешіктен төбешікке.»** Мақсаты: -балаларды мұқият болуға, сөздеріне сай қимылдарды орындауға үйретеді. 2. «Көл» ойыны Мақсаты: терапиялық әсер алу, эмоционалды босату, жағымсыз эмоцияларды шығару, агрессивті мінез-құлықты түзету. **4. Құрастыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Фонтан ойыны» Мақсаты: терапиялық әсер алу, эмоционалды босату, жағымсыз эмоцияларды жеңілдету, агрессивті мінез-құлықты түзету. 2. **«Суда жүзушілер»** Жасанды бассейнде әр топтан 2 баладан суда жүзеді.		банан, бос жасыл түсті алмұрт. 2. **«Өз үйінді тап»** Мақсаты: түстерді кайталау, оларды шатастырмауға дағдыландыру. Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер. Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратылады, олар түсін атайды. Белгіден кейін балалар дөңгелектердің түсіне сәйкес шеңберге тұрады. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. **Ыдыс жуатын ойын** Мақсаты: терапиялық әсер алу, эмоционалды босату, жағымсыз эмоцияларды шығару, агрессивті мінез-құлықты түзету. 2. **«Су иссіз, дәмсіз»** Қолданылатын құралдар:бала басына су құйылған стакандар,бос стакандар. Мақсаты: судың қасиетін анықтау: түссіз, иссіз. Балалар суды ішіп және иіскеп көреді.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен		**Шырша ағашын бақылау** *Мақсаты:* — Қаламызда өсетін ағаштармен	**Су тамшыларын бақылау** *Мақсаты:* — Температурага	**Қарды бақылау** *Мақсаты:* — Табиғаттағы маусымдық	**Маусымдық өзгерістерді бақылау** *Мақсаты:*

Сканировано с CamScanner

		таныст ды жалғастыру;; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев*** *Қанша заман өткенімен,* *Ескірмейтін асыл шырша.* *Алатаудың көктемімен,* *Доссың ғой сен, жасыл шырша.* *Өзгермейсің қыс келсе де,* *Боямұды оңдырмайсың.* *Аяз шымшып, тістесе де,* *Жапырағыңды тоңдырмайсың.* *Балаларға сұрақтар:* *Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?* *Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?* *Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?* *Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өднішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қазамызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.* *Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар ағанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.* **Зерттеу жұмысы:** шырша ағашын манайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау. **Еңбек:** шырша ағашының айналасын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.*	байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — Зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Мендібай*** Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ерн бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. **Балаларға сұрақтар** ♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көленке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)* ♦ Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)* ♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)* ♦ Шуақты күні ше? *(өседі)* ♦ Қай беттегі сүңгілер тез еріді? *(күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)* Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көленке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдыска су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. **Еңбек:** Кішкентайлардың ойын	өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»Ш. Ахметов*** *Ақ қар еріп,* *Су көбейіп,* *Сай-салаға ағады.* *Бұршақ шашып,* *Жапырақ ашап,* *Гүл, бәйшешек басады.* *Бөбектерім, айтыңдаршы,* *Бұл қай кезде болады?* *Балаларға сұрақтар* *Қазір жылдың қай мезгілі?* *Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?* *Неге бұл жердің қары еріп жатыр?* Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен катқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. **Зерттеу жұмыстары:** Күн астындағы және көленкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көленкедегі қар неге биік? **Еңбек:** Жолдарды қоқыстан тазалау. *Мақсаты:* бірлесе жұмыс істеуді үйрету. **Қимылды ойын:** «Қояндар	— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші:*** *Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.* *Жауған қарымен,* *... күнар береді. (қыс)* *Үлкендер қарбалас,* *... дән себеді. (көктемде)* *Бақ пенен бақшаны,* *... баптап өстреді. (жазда)* *Дихандар жемісін,* *... жинап береді. (күзде)* *Тәрбиеші сұрақтары:* *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?* *Қазір жылдың қай мезгілі?* *Көктемнің алдында қай мезгіл болды?* *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?* *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?* ***Зерттеу жұмысы:*** *Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)* **Еңбек:** Гүл егетін жерді тазалау. *Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».

Сканировано с CamScanner

		Қимы[illegible] ойын: Доппен ойын. *Мақсаты:* Қозғалыс координацияларын дамыту.. **Жаттығу ойыны:**Доппен жаттығу. *Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.* **Мақал-мәтел:** Орман ел дәулеті, жер сәулеті. Ағламасаң ағаш та, аспаннан өспес.	аланына баратын жолға құ- шашуға тәрбиешіге көмектесу. *Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Аяғыңды сулама» *Мақсаты:* — Кедергіден секіріп өте білу және шашыранқы жүгіре білу дағдыларын бекіту. **Жаттығу ойыны:** Қозғалыстарын дамыту *Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.* **Халық болжамы:** Мұз сүті ұзын және жіңішке болса, көктем ұзақ, ас мол болады.	мен аюшылар». *Мақсаты: қуғыншыдан қашып құтылуларын, тез жүгіре білулерін дамыту.* **Жаттығу ойыны:** Қозғалыстарын дамыту *Мақсаты:* лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. **Халық болжамы:** Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.	*Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.* **Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып биіктікке секіру. *Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.*
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ерекектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және кол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Ақылды егінші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
	жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басым күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, катты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? **Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. **Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Өз гүлінді тап». *Мақсаты:*Түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. **Жаттығу ойыны.** Қимылдарын дамыту *Мақсаты:- Қимыл*	дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана коймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек. ♦ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ♦ Олар өз илеулерін қайда салады? ♦кане біздің құмырсқалар калай жұмыс істеп жүр екен, карайыкшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) **Зерттеу қызметі:** Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.* **Қимылды ойын:** «Итеріспеқ». *Мақсаты:*- Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын	♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) **Зерттеу жұмысы:** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар». *Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.* **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.* **Халық болжамы:** Күзде құмырска илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі катты болады.	♦ Қар неліктен еріді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)* ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен кәзіргі мамыр айындағы табиғат көрінісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? **Еңбек** Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. *Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.* **Қимылды ойын:** «Үшінші артық». *Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.* **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау; **Мақал-мәтел** -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.	♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? **Еңбек:** Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). *Мақсаты:* — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. **Қимылды ойын:** «Қай топ тез жиналады?». *Мақсаты:* жүгіруге жаттықтыру. **Жаттығу ойыны** «Құлап қалма». *Мақсаты:* бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. **Мақал-мәтел:** - Әр гүлдің иісі әр басқа Гүл-арага, бал-балага. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.

Сканировано с CamScanner

	белсенділіктерін арттыру. Ұзындыққа секіруге жаттықтыру	жетілдіру; — Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.* **Тыйым сөздер:** Құмырсқа илеуін бұзба.			
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ереектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және кол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы	«Кішкентай тас пен құмырсқа» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен бақу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. **Көркем сөз** Микробтар қасқынем, Көрмесем де білемін. Іпер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (бақу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Тиінің арманы әңгімесін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың "Тиінің арманы" әңгімесімен таныстыру; әңгімеде сипатталған жабайы аңдар кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттерінің	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Бүктігі әртүрлі ағаштар саябағы". Мақсат-міндеттер: балаларда төрт объектінің төрт түрлі ұзындық шамасы туралы ұғымдар қалыптастыру.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ағаштар бұршік жарды". Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштар мен бұталар туралы түсінік бере отырып, табиғаттың жаңды құбылыстарының ерекшеліктермен таныстыру.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Өтіз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Өтіз" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қызғалдақ гүлін жапсырамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша гүлдің басын құрастыруға, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету. **Ритмикалық ойын. "Би**

Сканировано с CamScanner

(жеттер)	ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы әңгіме туралы ұғымдарды қалыптастыру; "арман" сөзінің мағынасын түсіндіру.				билеген баламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру, түйсікті, эмоциялық сферасы дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (алымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, алымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, алымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	Жексенбай Амирхан **Тыныс алу жаттығулары** "Түлкіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. **(дене шынықтыру)**	Бакетов Батырбек Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. **(көркем әдебиет)**	Әбілқайыр Айару **"Шеберхана" үстел үсті ойыны.** Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	Жангелді Айбар **Дидактикалық ойын.** **«Қасқырдан құтқар».** Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Әділ Ахмедияр **«Түрлі-түсті гүл шоғы».** Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру. - Балалар біз, орман аланымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма? Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;				

Сканировано с CamScanner

	- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Сәуір	**Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақтар. Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі) Жоңкейді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. (Найзағай) **Бақылау.** Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жаунға ұласады, табиғат жаңданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек. **Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»(тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)** Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу. **Еңбек.** Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)** Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Әр балаға оларды қызықтыратын	**Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. (Бұлт) Бақылау. Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету. **Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)** Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. **Еңбек.** Бақшадағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру. **Өз бетімен ойындар.** Велосипед тебу. **(дене шынықтыру)** Велосипед тебуді үйрету, тепе-тендік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.	**Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Аспанда әсем белбеуді, Алып белге буынсам. (Кемпірқосақ) Бақылау. Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау. **Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)** Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку. **Өз бетімен ойындар.** Асфальтқа бормен сурет салу. Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру.	**Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Еркелеп жатамын, қайтарда қатамын. (Көл) Мақал-мәтел. Қалған көлге бака басшы. Болжам. Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады. **Бақылау.** Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді теседі); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)** Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеністікке бейімделу. **Еңбек.** Балаларды ең үнемді	**Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбақ. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тіреті бар, ізі жоқ, Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қыстайды. (Балық) **Бақылау.** Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)** Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға,

Сканировано с CamScanner

	кімен айналысуға мүмкіндік беру.			жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Жапанның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет құрпын қалыптастыру.	ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Ала жайып түз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халқының ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (бақу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Қайық". Мақсат-міндеттер: балаларды желкенді қайық мүсіндеуге үйрету, заттың жекелеп мен бетін мұқият тегістеуді, шеттерін әсемдеуге үйрету.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түрленген өрік бұтағы" Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі түрленген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету, суреттің негізгі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң боянға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру.	**«Мен 10 заттың атауын білемін ...»** Ойын барысы. Бұл топтық ойын. Оқушылар шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-бірінде бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен ... ағаштардың ... 10 ... атауын ... білемін ... қайың – бір, самырсын – екі, емен – үш» деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады.	**«Бағбандар мен гүлдер»** Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар құрап қалады. Бірақ бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше бақша барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы мейірімді және сыпайы сөздерді естімесе, құрап қалады. Бір шағын топ құрап қалған гүлдер, ал екіншісі құрап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады. Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды. Балалар рөлдермен ауысады, ойын жалғасады.	**Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған галамшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. **(зерттеу іс-әрекеті)**
Балалардың үйіне	Ата-аналарға кеңес.	«Ата-аналарға арналған 10 кеңес».	Психолог кеңесі:	Әңгіме жүргізу.	Кеңес:

Сканировано с CamScanner

...гуы»	«Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».		«Бала тілін дамыту».	«Сусақ жаттығулары. Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.»

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер
19.05.-23.05.2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы
Топ: Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы III-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галымжанқызы
Дәйек сөз: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек,бірлікті ойлау үшін тірлік керек»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 19.05.2025	Сейсенбі 20.05.2025	Сәрсенбі 21.05.2025	Бейсенбі 22.05.2025	Жұма 23.05.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әділ Ахмедияр ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз» туралы кеңес беру.	Жангелді Айбар мен Жексенбай Амирхан ата-аналарымен жеке жұмыс: «Не үйрендік» туралы кеңес беру.	Самат Айзере мен Аллабердиев Сырымның ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру.	Әбілқайыр Айару ата-анасымен жеке жұмыс: «Жыл бойы не білдік?» туралы кеңес беру.	Жексенбай Амирхан ата-аналарымен жеке жұмыс: «Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу, өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** Педагог: - Балалар, қатарда тұзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын тұзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.				

Сканировано с CamScanner

	5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріне. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. **Салт-дәстүр. Қонақасы** Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(көркем әдебиет)**	Дәрумендер жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін артыру. Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар. Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір - бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. **Қайсысы қайда тіршілік етеді** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. 2. **«Бұл кандай құс?»** Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. Көрнекіліктер: құстардың суреттері. Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың	**1. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті. Ойын шарты: бақ пен бақша салынған 2. Зейінге арналған ойын. «Кімде ақ шұлықпен бала бар». «Қандай зат ең үлкен, ең ыстық және ең жұмді?». «Бұл бөлмеде не өзгерді». **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:**	**4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Диагностика» Мақсаты: берілген суретке әңгімелеу. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мұқият орындауға үйрету. **2. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, дәрмен. Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор	**1.Дене шынықтыру** **Дидакикалық ойын:** 1.Допты тордан асыра лақтыру. Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру. Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту. 2. «Ұзын-қысқа» Мақсаты: заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзының атау. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын: 1.** «Керісінше айт» (жылдам-

Сканировано с CamScanner

	2. «Ақылды машиналар» Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілтуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту: бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк машина, қар тазалайтын машина т. б... көрнекіліктер: Әртүрлі машиналардың суреттері. Ойын шарты: таратылған сурет бойынша әңгімелеу. **3. Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** 1. «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер(көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын. Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан - жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр - түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады. **2.** «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.	суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәрігері, қарлығаш адамның досы) **2. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Жапырағына қарай ажырат» Мақсаты: Үқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу. 2.«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ерімді, бұта айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **3.Дене шынықтыру** 1.«Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. 2.**«Түйілген орамал».**	1. «Сандарды тани» Мақсаты: сандар туралы алған білімдерін бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: сіріңкенің қораптарына жазылған 1 ден 10 ға дейінгі сандар реті. Ойын барысы: Балалар сандарды өсу ретімен орналастырады. Мұқият қарап шығып жетпей тұрған санды атайды 2. «Логикалық есептер» Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Педагог балалар логикалық ойлуды қажет ететін сұрақтар қояды. Мысалы: Бір адамда неше аяқ болады? Үш мысық болыпты, біреуі сұр кетіп қалыпты, екіншісі қара түсті екен. Үшінші сары мысық құстарды қуып кетіпті. Қандай түсті мысық қалып қойды? Бір бөлмеде әр бұрышты бір мысықтан отыр. Бөлмеде неше мысық бар? т.с.с . Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3 - 4 метр жерде тұрады. 2. «Қайда тығылғанын табу.» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру. Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту. **4. Құрастыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырата алу. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойын барысы: қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне	көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.. 2. «Үй жануарлары» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: үй жануарларының, төлдердің суреті. Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі, олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге дене мүшелерін де атап, үй жануарлары туралы білетін жұмбақтарын шешкізеді.	баяу) Мақсаты: Балаларды қарсы мағыналы сөздерді тауып айтуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойын барысы: Балаларға бір сөз айтылады, балалар сол сөздің мағынасына қарама-қарсы сөзді айтады. Ұзын-қысқа, жылдам-баяу, үлкен-кішкентай т.б. 2. «Кім бірінші атайды? Мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттер. Ойынның барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды. Мысалы: үш сары түсті банан, бес жасыл түсті алмұрт. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1." «Кім жақсы тыңдайды?» Мақсаты: Есту зейінділігін, фонематикалық қабылдауын дамыту: балаларға сөздегі дыбыстарды естіп ажыратуға, сөйлемде керекті сөздерді дұрыс белгілеп үйрету. Ойын барысы: Екі баланы шақырту. Бір-бірне арқаларымен тұрғызу, топқа қырынмен, тапсырма беріледі: «Мен сөздерді айтам, ал Мақсат тек ш дыбысын естігенде қолын көтереді, ал Жансая ж дыбысын естігенде» балаларға тапсырманы қайталату. Балалар дұрыс жауаптарды санайды, кате жауаптарды белгілейді. Педагог сөздерді шағын

Сканировано с CamScanner

	Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. **4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Диагностика» Мақсаты: берілген суретке энгімелеу. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мұқият орындауға үйрету.	*Мақсаты:* Ойынға деген қызығушылығынарттыру. Жүгіру секіру жылдамдықтарын нығайту.	карап есігін табу. 2. «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.		интервалмен атайды (барлығы 15 сөз: 5 – ш дыбысымен, 5 – ж дыбысымен, 5 –керекті дыбыстар жоқ). 2. «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке - жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде талқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Көрнекілік: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Найзағайды бақылау** *Мақсаты:* — «Найзағай» ұғымымен таныстыру; — Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады ♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? ♦ Найзағай қай кезде ойнайды? ♦ Аспан неге күркірейді? ♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)	**Кемпірқосақты бақылау** *Мақсаты: Әлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жаркылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан	**Көбелектерді бақылау** **Мақсаты**: - Көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов*** *Дала қандай керемет,* *Қойның гүлге толады.* *Қызыл-жасыл көбелек,* *Бір ұшып, бір қонады.* *Қанша құсаң көбелек,* *Қанаты бір тазмайды.* *Соныменен не керек,* *Ақыры ұстай алмайсың.*	**Жәндіктерді бақылау** *Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*** - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса)	**Ауа-райын бақылау** ***Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*** ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз. А.Мәдібай*** *Мамыр айы келгенде,* *Дала гүлге толады.* *Жайнап барлық атырап,* *Қызық-думан болады.* *Бақшамызда біз еккен,* *Гүл шоқтары гүлдейді.* *Жапырақтар сыбдырлап,* *«Қандай көркем, көр»-дейді.* Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет

Сканировано с CamScanner

	♦ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) ♦ Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. **Зерттеу қызметі:** Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. - Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) **Еңбек:** 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару *Мақсаты:*-Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. **Қимылды ойын:** «Өз ағашыңды тап». *Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.* **Жаттығу ойыны:** «Ағаштан ағашқа дейін». *Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру*	күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары негұрлым үлкен болса, кемпіркосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпіркосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпіркосақ қай уақытта пайда болады ? ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпіркосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? **Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.** Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпіркосақтың суретін салу. **Еңбек:** Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. *Мақсаты: аула тазалауыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:**«Қасқыр қақпан». *Мақсаты:* Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. **Халық болжамы:** Кемпіркосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады	*Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.* *Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген* Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көбелектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандырады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалар пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды. **Зерттеу жұмысы** Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады) **Еңбек** Гүлзардағы қоқыстарды жинау *Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттеріңше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.* **Қимылды ойын:** «Аюлар мен аралар». *Мақсаты:тәрбиеші белгісі*	- Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырска) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмырткалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырска).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырска) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) **Зерттеу жұмысы:** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар». *Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.* **Жаттығу ойыны:**	алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, бағазар құстарға ұя жасап жатыр)* ♦ Қар неліктен еріді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)* ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? **Еңбек** Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. *Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.* **Қимылды ойын:** «Үшінші артық». *Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.* **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;

Сканировано с CamScanner

	Халық болжамы: - *Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрақ болады.* - *Қарлығаш келсе күн күркіреді.*		*бойынша жүгіруге, ормелеуге жаттықтыру.* **Жаттығу ойыны:** «Кеглиді құлат» *Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру.*	Қимылдарын дамыту. *Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.* **Халық болжамы:** Күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.	— Қозғалыс координацияларын сақтау, **Мақал-мәтел** -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы-гүл айы -Көктемгі жауын артық болмас.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: Балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәміне, Ризалық берсін бәріне. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. **Салт-дәстүр. Қонақасы** Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Күн астындағы Күнекей қыз» эпизмесін оқып беріп, балаларды ұйықтату **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері: Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту. **Көркемсөз** Қолды жусақ әркашан, Ауырмайды шіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру. **Театрды сахналау.** "Қанбақ шал" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қанекей, сапқа тұр!" Мақсат-міндеттер: балалардың топтас достармен бірігіп танертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету. **Құрастыру** "Ақсу құсы әдемі". Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қатарға тұрайық, спортшылар". Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Аурудан аяған күштірек". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек"эпизмесімен	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жалбыз өсімдігі". Мақсат-міндеттер: балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту. **Сюжетті-рөлдік ойын** **"Аурухана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Денсаулығым - байлығым". Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру, әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру. **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Дәрумендер".

Сканировано с CamScanner

		жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, ақку туралы туралы білімдерін кенейту.	таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.	жайлы білімдерін кенейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлінеді, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қаралған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек.	Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс кемаңғысының үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Жексенбай Амирхан **Ескен Елубай. Жаңа санамақ** Бір - Таңертен тұр. Екі - Шынығып, бекі. Үш - Тазала тіс. Төрт - Сабындап жу бет. Бес - Сүртін тез. Алты - Үйді жина жалпы. Жеті - Киін енді. Сегіз - Асыңды жеп, іш. Тоғыз - Ыдысты жу тегіс. Он - Сабақ оқы Осыдан соң. Бұл санамақ жаңа,	Самат Айзере **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау. - Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойланып, әуенді тыңдап, шабыт алайық. Құралдары: әдемі әуен жазбасы. Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды. **(сөйлеуді дамыту, сурет салу)**	Жиенбай Хасан **«Өс, ұлан!»** Сау болсын десең, Он екі мүшең! Ерте тұр! Құлақ түр! Тыңда сыр, Жапырақтар сыбырлар. Күн нұрын күт! Таза ауа жұт! Бойына құт! Жүгір, желмен жарысып, Нұрға сылан, Болып қыран Өс ұлан! Ө. Тұрманжанов **(көркем әдебиет)**	Әділ Ахмедияр **Мазақтамалар жаттау.** Мақсат-міндеттер. МАУБАС Маубас, маубас, маубасың! Мұлтігеннен танбассың, Қалғыған қанбассың... Өміріңде осылай Ұйықтап өтсең оңбассың! САЛАҚ Салақ, салақ, салақсың: Өз үйіңе қонақсың; Таза емесссің, кір- кірсің; Ақ емесссің, жолақсың; Кейде қара күйесің; Кейде қызыл далапсың; Әй, салақсың, салақсың! ҚОМАҒАЙ Әй, қомағай, қомағай! Екі ұртың тола май, Екі ұсың және май, Соғып жатсың қарамай,	Әбілхайыр Айару **"Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды баска қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

	тазалаушыға көмектесу.. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.* **Қимылды ойын:** «Күн мен түн». *Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.* **Жаттығу ойыны:** Орында тұрып ұзындыққа секіру. *Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.* **Мақал-мәтел:** Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауын тұрған сауын	— Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау; — Ептілігін қалыптастыру; — Қозғалыс координациясын жақсарту. **Халық болжамы:** Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады. **Мақал:** Қыстың қамын жаз ойла.	бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.* **Қимылды ойын:** «Ұшты ұшты». *Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.* **Жеке жұмыс** Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. *Мақсаты: сөздік қорларын байыту.* **Тыйым сөздер:** Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.	өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жүдектерінен не жасайды? ♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек:** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Біздің аулада не өседі?». *Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.* **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту *Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.* **Мақал-мәтел:** - Бір тал кессең, он тал ек. - Бір ағаштан жасалады мың шырпы, Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.	**Еңбек:** Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. **Қимылды ойын:** «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». *Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабілеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.* **Жаттығу ойыны:** Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүгірулерін тиянақтау* **Мақал мәтел:** Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз.				

Сканировано с CamScanner

	Салт-дәстүр. Қонақасы Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы көделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**«Спорт-лото».** Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	**«Адалдық шеңбері»** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады. **(сөйлеуді дамыту)**	**Тақпақ жаттау** "Тазалықтың досы" Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы. Бай! Бай! -Бұл бала Қай бала? Қарашы Үстіңе, Өзіңе - Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз Кір айғыз. А.Меңжанова **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**Дидактикалық ойын.** **«Не артық?», «Спорт».** Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Тек жақсы қасиеттерді ата»** Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. **(сөйлеуді дамыту)**
Балалардың үйіне қайтуы	«Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес.	«Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу.	«Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес.	«Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-аналарға кеңес.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Сканировано с CamScanner

Тексерілді
Әдіскер:
26.05.-30.05.2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы
Топ: Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы IV-апта
Педагогтың аты-жөні: Абдуалиева Динара Галымжанқызы
Дәйек сөз: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.05.2025	Сейсенбі 27.05.2025	Сәрсенбі 28.05.2025	Бейсенбі 29.05.2025	Жұма 30.05.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» музыка қойып, көңілді, көтеріңкі көңіл-күймен, ұлттық мәдениетті түсінуге қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, қазақша сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әділ Ахмедияр ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз» туралы кеңес беру.	Жангелді Айбар мен Жексенбай Амирхан ата-аналарымен жеке жұмыс: «Не үйренгіңіз келеді» туралы кеңес беру.	Самат Айзере мен Аллабердиев Сырымның ата-анасымен жеке жұмыс: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» туралы кеңес беру.	Әбілқайыр Айару ата-анасымен жеке жұмыс: «Жыл бойы не білдік?» туралы кеңес беру.	Жексенбай Амирхан ата-аналарымен жеке жұмыс: «Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз» туралы кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек дағдылары)**	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** Педагог: - Балалар, қатарда тұзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын тұзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.				

Сканировано с CamScanner

	5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұстып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұстып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәміне, Ризалық берсін бәріне. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. **Салт-дәстүр. Қонақасы** Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы көделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(көркем әдебиет)**	Дәрумендер жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін арттыру. Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар. Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір - бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.	**1. Сөйлеуді дамыту** **Дидактикалық ойын:** 1. **Қайсысы қайда тіршілік етеді** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. 2. **«Бұл кандай құс?»** Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. Көрнекіліктер: құстардың суреттері. Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың	**1. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** **1.** «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті. Ойын шарты: бақ пен бақша салынған **2**. Зейінге арналған ойын. «Кімде ақ шұлықпен бала бар». «Қандай зат ең үлкен, ең ыстық және ең жүнді?». «Бұл бөлмеде не өзгерді». **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын:**	**4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Диагностика» Мақсаты: берілген суретке әңгімелеу. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мұқият орындауға үйрету. **2. Көркем әдебиет** **Дидактикалық ойын:** 1. «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, диірмен. Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор	**1.Дене шынықтыру** **Дидактикалық ойын:** 1.Допты тордан асыра лақтыру. Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру. Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту. 2. «Ұзын-қысқа» Мақсаты: заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзынын атау. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады. **2. Математика негіздері** **Дидактикалық ойын: 1.** «Керісінше айт» (жылдам-

Сканировано с CamScanner

	2. «Ақылды машиналар» Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілтуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту: бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк машина, қар тазалайтын машина т. б... көрнекіліктер: Әртүрлі машиналардың суреттері. Ойын шарты: таратылған сурет бойынша әңгімелеу. **3. Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** **1.** «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер(көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын. Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан - жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр - түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінің, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады. **2.** «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.	суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәрігері, қарлығаш адамның досы) **2. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Жапырағына қарай ажырат» Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу. 2.«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **3.Дене шынықтыру** 1.«Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қояны айнала жүріп тақпақ айтады. 2.**«Түйілген орамал».**	1. «Сандарды таны» Мақсаты: сандар туралы алған білімдерін бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: сіріңкенің қорапшарына жазылған 1 ден 10 ға дейінгі сандар реті. Ойын барысы: Балалар сандарды өсу ретімен орналастырады. Мұқият қарап шығып жетпей тұрған санды атайды 2. «Логикалық есептер» Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Педагог балалар логикалық ойлауды қажет ететін сұрақтар қояды. Мысалы: Бір адамда неше аяқ болады? Үш мысық болыпты, біреуі сұр кетіп қалыпты, екіншісі қара түсті екен. Үшінші сары мысық құстарды қуып кетіпті. Қандай түсті мысық қалып қойды? Бір бөлмеде әр бұрышты бір мысықтан отыр. Бөлмеде неше мысық бар? т.с.с . Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3 - 4 метр жерде тұрады. 2. «Қайда тығылғанын табу.» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру. Жүгіру , секіру жылдамдықтарын нығайту. **4. Құрастыру** **Дидактикалық ойын:** 1. «Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырата алу. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойын барысы: қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне	көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.. 2. «Үй жануарлары» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: үй жануарларының, төлдердің суреті. Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі, олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге дене мүшелерін де атап, үй жануарлары туралы білетін жұмбақтарын шешкізеді.	баяу) Мақсаты: Балаларды қарсы мағыналы сөздерді тауып айтуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойын барысы: Балаларға бір сөз айтылады, балалар сол сөздің мағынасына қарама-қарсы сөзді айтады. Ұзын-қысқа, жылдам-баяу, үлкен-кішкентай т.б. 2. «Кім бірінші атайды? Мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттер. Ойынның барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды. Мысалы: үш сары түсті банан, бес жасыл түсті алмұрт. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Дидактикалық ойын:** 1." «Кім жақсы тыңдайды?» Мақсаты: Есту зейінділігін, фонематикалық қабылдауын дамыту: балаларға сөздегі дыбыстарды естіп ажыратуға, сөйлемде керекті сөздерді дұрыс белгілеп үйрету. Ойын барысы: Екі баланы шақырту. Бір-біріне арқаларымен тұрғызу, топқа қырынмен, тапсырма беріледі: «Мен сөздерді айтам, ал Мақсат тек ш дыбысын естігенде қолын көтереді, ал Жансая ж дыбысын естігенде» балаларға тапсырманы қайталату. Балалар дұрыс жауаптарды санайды, кате жауаптарды белгілейді. Педагог сөздерді шағын

Сканировано с CamScanner

	Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. **4. Музыка** **Логоритмикалық жаттығу:** «Диагностика» Мақсаты: берілген суретке әңгімелеу. **Музыкалық ырғақ қимыл:** «Қандай ырғақ» Мақсаты: берілген тапсырманы мәнәит орындауға үйрету.	*Мақсаты:* Ойынға деген қызығушылығынарттыру. Жүгіру секіру жылдамдықтарын нығайту.	қарап есігін табу. 2. «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.		интервалмен атайды (барлығы 15 сөз: 5 – ш дыбысымен, 5 – ж дыбысымен, 5 –керекті дыбыстар жоқ). 2. «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке - жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде талпынлыққа, шапшаңдыққа баулу. Көрнекілік: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуенге дайындық	**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Найзағайды бақылау** *Мақсаты:* — «Найзағай» ұғымымен таныстыру; — Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады ♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? ♦ Найзағай қай кезде ойнайды? ♦ Аспан неге күркірейді? ♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)	**Кемпірқосақты бақылау** *Мақсаты: Өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жарқылдан соң жанағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан	**Көбелектерді бақылау** **Мақсаты:** - Көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов*** *Дала қандай керемет,* *Қойның гүлге толады.* *Қызыл-жасыл көбелек,* *Бір ұшып, бір қонады.* *Қанша құсаң көбелек,* *Қанаты бір тағмайды.* *Соныменен не керек,* *Ақыры ұстай алмайсың.*	**Жәндіктерді бақылау** *Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*** - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбеккорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса)	**Ауа-райын бақылау** ***Мақсаты:*** *Көктем мезгілінің аяғына қарай өзі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз А.Мекібай*** *Мамыр айы келгенде,* *Дала гүлге толады.* *Жайнап барлық атырап,* *Қызық-думан болады.* *Бақшамызда біз еккен,* *Гүл шоқтары гүлдейді.* *Жапырақтар сыбдырлап,* *«Қандай көркем, көр»-дейді.* Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрінісі бейнеленген сурет

Сканировано с CamScanner

	♦ Найзагай обоған, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (шығуға мен ылғалдың пайдалы) ♦ Қалай ойлайсыңдар, найзагай неден пайда болады? Ауа-райы панар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзагай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Үйлесімдер айналадағы ауаны қыздырады. Молекулалар ауа салқын кезінен сәнтығысады да, күшін күрделеуі пайда болады.күн күрделеген кездегі найзагай өте қауіпті. Найзагай жалғыз түрлі, бірақ заттарға әр түрлі. Сондықтан да найзагай обоған түрғын кезде ағаштың астына тұруға болмайды. **Зерттеу қызметі:** Жәй жаңбыр мен найзагайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу. «Найзагайлы жаңбыр» Ә. Ақылбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзагай тыныш жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. - Найзагайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) **Еңбек:** 1 топ- ауланы тырнамен тазалау, 2 топ-көкістерды шығару *Мақсаты:* Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету. — Ұжымдық жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. **Қимылды ойын: «Өз ағашыңды тап».** *Мақсаты:* ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, батылдығы және жылдам болуға үйрету. **Жаттығу ойыны: «Ағаштан ағашқа дейін».** *Мақсаты:* екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру	күнін сағыныз кеткен уақытта көреміз. Жаңбыр тамшылары төгілгенде үлкен болса, көпіршіктер сондырлық аныс көреміз. Көпіршіктерге жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар. ♦ Көпіршіктер қай уақытта пайда болады ?. ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Көпіршіктер қандай құбылыс, қалай пайда болады? **Тәрбиелі балаларға тапсырма беремін.** Асфальт бетіне түрлі-түсті бордамен көпіршіктің суретін салу. **Еңбек:** Балабақша ауласын көкістан тазалау. *Мақсаты:* ауланы тазалауғына көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:«Қасқыр қақпан»** *Мақсаты:* Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. **Халық болжамы:** Көпіршіктер кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады	*Жаңбыр жасын ашқанда, гүлдер бесенде жақсы көбелектер үшін жүреді. Олар сонда жақсы, түрі-түсті Ертеде Римде адамдар көбелектерді өлімтіктер гүлінен пайда болған деген сенген Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар қайда қалыпқанда көңілдерінен. Сондықтан да оларды қалыпқан қанаттылар деп атайды. Көбелектің денесі қалыпқанда және қайда шашқанда көңілдерінен. Олардың қыска мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлдің гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандырады. Жала ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалар пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіпшіке жіптерін сыйлайды* **Зерттеу жұмысы** Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне ақ түстес гүлдерге құмар болады) **Еңбек** Гүлзарлағы көкістарды жинау *Мақсаты:* еңбек ете білу. Іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту. **Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».** *Мақсаты:* тәрбиеші белгісі	- Бәйгедегі ең салмақ, Жүз-жұда қанаты. Тәттіге таңсықпап, Қалықпа қонбай бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмысқор, Бірлескенде тыным көпір. (құмырсқа) **Тәрбиелі сұрақтары.** ♦ Жәндіктер жауаптарының ішінде айтылғандарды бір сөзбен немен деп атайсың? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік түлерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Кітемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (кітемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, алаптарда, су толандарда т.б.) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырска). ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырска) ♦ Мақалдарды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) **Зерттеу жұмысы:** Қанжығын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Аландағы көкістарды тазалау. *Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».** *Мақсаты:* кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Епділікке, жылдамдыққа баулу. **Жаттығу ойыны:**	ылғал шығып, балаларның зейіні ауады. ♦ Балалар, қарандаршы, ауада суретке жазылған қай жерлер суреттелген? (кітетем) ♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар ерігі жатыр.жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылынғандықтан) ♦ Ал, кітетемізді бұл мезгілде қалай атайсың? (ерігі кітетем) ♦ Ерігі кітетем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат кітетінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір жаңбыр көрпесі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бүйрегі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? **Еңбек** Кішкентайлар аланын көкістардан тазалауға көмектесу. *Мақсаты:* кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. **Қимылды ойын: «Үшінші артық».** *Мақсаты:* ойын ережесін сақтап ойнауға, ағарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;

Сканировано с CamScanner

	Халық болжамы: - *Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.* - *Қарлығаш келсе күн күркірейді.*		*бойынша жүгіруге, өрмелеуге жаттықтыру.* **Жаттығу ойыны:** «Кеглиді құлат». *Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру.*	Қимылдарын дамыту. *Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.* **Халық болжамы:** Күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі катты болады.	— Көзғалыс координациясын сақтау; **Мақал-мәтел** -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы-гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріне. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. **Салт-дәстүр. Қонақасы** Танысың, танымасың үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Күн астындағы Күнекей қыз» әңгімесін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту. **Көркемсөз** Қолды жусақ әркашан, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру. **Театрды сахналау.** "Қаңбақ шал" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қанекей, сапқа тұр!" Мақсат-міндеттер: балалардың топтас достармен бірігіп танертеңгі жаттығуды жасап жаткан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету. **Құрастыру** "Аққу құсы әдемі". Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қатарға тұрайық, спортшылар". Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Аурудан аяған күштірек". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек"әңгімесімен	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жалбыз өсімдігі". Мақсат-міндеттер: балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту. **Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Денсаулығым - байлығым". Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру. **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Дәрумендер".

Сканировано с CamScanner

		жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, ақсу туралы туралы білімдерін кеңейту.	таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.	жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әркайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қаралған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек.	Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қиманүлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Жексенбай Амирхан **Ескен Елубай. Жаңа санамақ** Бір - Таңертең тұр. Екі - Шынығып, бекі. Үш - Тазала тіс. Төрт - Сабындап жу бет. Бес - Сүртін тез. Алты - Үйді жина жалпы. Жеті - Киін еңді. Сегіз - Асыңды жеп, іш. Тоғыз - Ыдысты жу тегіс. Он - Сабақ оқы Осыдан соң. Бұл санамақ жаңа,	Самат Айзере **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау. - Балалар, қазір, сурет салу алдында, әркайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық. Құралдары: әдемі әуен жазбасы. Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды. **(сөйлеуді дамыту, сурет салу)**	Жиенбай Хасан **«Өс, ұлан!»** Сау болсын десең, Он екі мүшең! Ерте тұр! Құлақ тұр! Тыңда сыр, Жапырақтар сыбырлар. Күн нұрын күт! Таза ауа жұт! Бойыңа құт! Жүгір, желмен жарысып, Нұрға сылан, Болып қыран Өс ұлан! Ө. Тұрманжанов **(көркем әдебиет)**	Әділ Ахмедияр **Мазақтамалар жаттау.** Мақсат-міндеттер. МАУБАС Маубас, маубас, маубассың! Мүлгігеннен танбассың, Қалғыған қанбассың… Өмірінде осылай Ұйықтап өтсең оңбассың! САЛАҚ Салақ, салақ, салақсың: Өз үйіңе қонақсың; Таза емесссің, кір- кірсің; Ақ емесссің, жолақсың; Кейде қара күйесің; Кейде қызыл далапсың; Әй, салақсың, салақсың! ҚОМАҒАЙ Әй, қомағай, қомағай! Екі ұртың тола май, Екі уысың және май, Соғып жатсың қарамай,	Әбілхайыр Айару **"Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

Сканировано с CamScanner

	Күнде өстіп сана. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**			Болмайсың гой Толағай! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шеше) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қалағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. *(күн)* *Алауға оранып,* *Көкке өрлеп шығады.* *Бір айналып оралып,* *Көкжиекке бұғады. (күн)* Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар еріді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. • Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? • Күн қай жақтан шығады? • Қай жаққа батады? • Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? • Неге? **Зерттеу қызметі:** Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)* **Еңбек:** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула	**Қардың еруін бақылау** ***Мақсаты:*** *Табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев*** Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн құрына кенелді, Бұршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары, Бау бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті еріді де, түнгі аязда мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды. **Зерттеу қызметі:** Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. **Еңбек** Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару. *Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.* **Қимылды ойын:** «Ормандағы аюда». *Мақсаты: белгі бойынша жүгіру, құлап жету, ойын ережесін сақтау.* **Жаттығу ойыны**: Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты:*	**Үшып келген құстарды бақылау** ***Мақсаты:*** *Көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев*** Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: • Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? • Жыл құстары деп неге айтамыз? • Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? • Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? • Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына	**Мойыл бұтасын бақылау** ***Мақсаты:*** — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабілеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** **Тәрбиеші әңгімесі:** Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрынынды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды	**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *Бұталар мен көз келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы*** ***Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып*** Көктем келді бүтін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі_- түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: • Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? • Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? • Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?

Сканировано с CamScanner

	тазалануына көмектесу. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.* **Қимылды ойын:** «Күн мен түн». *Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, бергенін белгі бойынша ірешет етуге баулу.* **Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып қолымызға секіру. *Мақсаты: секіруге баулиды, күштарын мен ептілігін дамыту.* **Мақал-мәтел:** Сәуір балқа күн күркірер. Күн күркіресе, жаңбыр күркірер. Сәуірдегі жауын-шашын тұрған сайын.	— Достық ой және сол қолмен лақтыра білуларін тиянақтау; — Епшілігін қалыптастыру; — Қозғалыс координациясын жақсарту. **Халық балжымы:** Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жақа қарай салса, жаз салқын болады. **Мақал:** Қыстың қамын жаз ойла.	балып, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.* **Қимылды ойын:** «Үшты ұшты». *Мақсаты: жүйкелерін дамыту, бойымызбызбыз, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.* **Жеке жұмыс** Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз мінеді. Үйірге кім үйретті? Мінеді қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез мінеді. Үйірге ешм үйреттім. Қаз мінеді. *Мақсаты: сөздік қорларын байыту.* **Тыйым сөздер:** Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.	ешнәрсе де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жидектерінен не жасайды? ♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек:** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген мақтаныш сезімдерін ояту, табиғатты қорғайтуға тәрбиелеу.* **Қимылды ойын:** «Бізден кімдер неше?». *Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, атаған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.* **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту *Мақсаты: дәл лақтыруға жаттықтыру.* **Мақал-мәтел:** - Бір тал қосақ, он тал ек. - Бір ағаштан жасалды мың шырпы, Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.	**Еңбек:** Алаңдағы сынған ағаш бұтақтарын жинау, бұталар түбін тазалау. *Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу.* **Қимылды ойын:** «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». *Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабілеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.* **Жаттығу ойыны:** Қолғабыстарын дамыту *Мақсаты: санға дұрыс жүгіруді мен жеңіл жүгіруін тиянақтау.* **Мақал мәтел:** Бабасы екпесе, балалы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана кеңтен, дәрі шөптен
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу (**мәдени-гигиеналық дағдылар**)				
Қорытынды:	**Гигиеналық дағдылар** Мақсаты-міндеттері: Балалардың дұрыстығына, тазалығына, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, таза тазалауға үйрету. Тарақты, жеке орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асқана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәнеге, Рахмет берген барлыққа. Аман болсын басымыз, Жарық жатқан жасымыз.			

Сканировано с CamScanner

	Салт-дәстүр. Қонақасы Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**«Спорт-лото».** Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	**«Адалдық шеңбері»** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады. **(сөйлеуді дамыту)**	**Тақпақ жаттау** "Тазалықтың досы" Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы. Бай! Бай! -Бұл бала Қай бала? Қарашы Үстіне, Өзіне - Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз Кір айғыз. А.Меңжанова **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**Дидактикалық ойын.** **«Не артық?», «Спорт».** Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Тек жақсы қасиеттерді ата»** Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әркайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. **(сөйлеуді дамыту)**
Балалардың үйіне қайтуы	«Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес.	«Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу.	«Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес.	«Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-аналарға кеңес.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Сканировано с CamScanner